

1 ҚЫРКҮЙЕК,
2026 ЖЫЛ,
СЕЙСЕНБІ
№95 (23 709)



ORTALYQ QAZAQSTAN

95
ЖЫЛ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Ерен еңбекке
құрмет

2-бет



Жасыл қорды
еселейтін жылыжай

5-бет



«Qarmet» –
жартылай
финалда

8-бет



• РЕСМИ

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары

Е.Т. Қаринді тағайындау
туралы

Ерлан Тынымбайұлы Қарин Қазақстан Республикасының Вице-Президенті болып тағайындалсын, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда,
2026 жылғы 31 тамыз
№ 1417

О.А. Бектеновті тағайындау
туралы

Олжас Абайұлы Бектенов Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда,
2026 жылғы 31 тамыз
№ 1418

А.Г. Балаваны тағайындау
туралы

Аида Ғалымқызы Балаева Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда,
2026 жылғы 31 тамыз
№ 1419

• БҮГІН – БІЛІМ КҮНІ

Жаңа белес, жаңа мүмкіндік

Жаңа оқу жылы қарсаңында білім беру тәсілдері де жаңаруда. 2026-2027 оқу жылында оқушылар жаңа міндетті курстарды меңгереді, жасанды интеллект негіздерімен танысады, бастауыштағы бағалау тәсілдері өзгереді. Балалардың тамақтануына қойылатын талаптар да күшейтілмек. Мұғалімдер үшін қағазбастылықты азайту, оқушы үшін қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыру міндеті алдыңғы қатарда.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Білім сапасы – бірінші кезекте

Облыста жаңа оқу жылында мектеп табалдырығын алғаш рет 15 мыңнан астам бала аттайды. Жалпы, өңір мектептерінде 175 мыңнан астам оқушы білім алады. Биылғы өзгерістердің ішінде бастауыш буынға қатысты жаңалықтар ата-аналар үшін ерекше қызығушылық тудырады. Мектепке қабылдау процесін жеңілдету үшін биыл алғаш рет QazTech платформасында Бірінғай «OQU» платформасы аясында «1-сыныпқа қабылдау» сервисі кезең-кезеңімен іске қосылды. Бұл цифрлық шешім ата-аналардың құжат тапсыру процесін жеңілдетуге бағытталған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласындағы басты міндеттің бірі – білім сапасын арттыру екенін атап келеді. Президенттің айтуынша, «Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы». Жаңа оқу жылындағы өзгерістердің түпкі мақсаты – оқу жүктемесін жай ғана жаңарту емес, әр баланың сапалы білім алуына жағдай жасау.

Жаңа оқу жылындағы маңызды



Қолжазба жасаған Шынар Ақпарова

өзгерістің бірі – бастауыш сыныптардағы бағалау жүйесінің жаңаруы. Бұл туралы Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Шынар Ақпарова мәлімдеген болатын.

– Үлгілік оқу жоспарларының құрылымы онтайландырылды. Оқушылардың барлық оқу пәндеріне толық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қысқартылған үлгілік оқу жоспарлары алынып тасталды. Бастауыш сыныптарда бағалау тәсілдері жаңартылды. Бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша жиынтық бағалау алынып тасталды. Күнделікті бағалаудың рөлі күшейтілді. Диктанттар, мазмұндама, шығарма, жобалар, ауызша және практикалық жұмыстар секілді бағалау әдістерін мұғалім өзі тандап, аралық бақылау формасы ретінде жүзеге асыратын

болады, – деді Шынар Ақпарова.

Бірінші сынып оқушылары үшін бағалау тәртібі өзгеріссіз қалады. Яғни, 1-сыныпта баға қойылмайды. 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап, 2-4-сынып оқушылары жаңартылған бағалау тәсіліне көшеді. Критериялды бағалау жүйесі сақталады, формативтік бағалаудың рөлі күшейіп, бөлімді меңгеру нәтижесін анықтау үшін аралық бағалау енгізіледі.

Құқықтық мәдениет мектептен қалыптасады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру жүйесінде құқықтық сауаттылық пен азаматтық тәрбиенің маңызына бірнеше рет тоқталған. Президенттің бастамасымен қабылданған

жаңа Конституция нормаларын өскелең ұрпаққа түсіндіру осы бағыттағы жұмыстың маңызды бөлігіне айналып отыр. 2026-2027 оқу жылынан бастап, білім беру мазмұны бірқатар жаңа міндетті оқу курстарымен толықтырылады. 5-7-сынып оқушылары «Конституция негіздерін», 8-11-сыныптар «Заң және тәртіп», 5-11-сыныптар «Жеке қауіпсіздік» курсын оқиды. Курстар оқушылардың құқықтық сауатын арттыруға, азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға, қауіпсіздік ережелерін білуіне және күнделікті өмірде дұрыс шешім қабылдауына бағытталған.

Жаңа оқу жылының тағы бір ерекшелігі – жасанды интеллектті орта білім беру жүйесіне енгізу.

➤ 4-бет

Құрметті оқушылар, кадірлі мұғалімдер мен ата-аналар!

Сіздерді Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймыз!

1 қыркүйек – жастарымызды оқу-білімге, ізденуге үндейтін, жас ұрпаққа жаңа белестерді бағындыруға жетелейтін ерекше күн. Бірінші сынып оқушылары үшін бұл жаңа достарды тауып, білім алатын қызықты кезең болса, жоғары сынып оқушылары үшін болашақ мамандықты таңдауға және өз армандарын жүзеге асыруға тағы бір маңызды қадам жасайтын кезең. Білім арқашан адам мен қоғамның дамуының негізі болып қала береді. Білім игерген жастарымыз ертеңгі күні еліміздің дамуына, Отанға қалтқысыз қызмет етуге мүмкіндік алады.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің алдында маңызды міндеттер тұр. Олардың қатарында сапалы білім алу үшін жастарымызға жағдай жасау, әр баланың таланты мен қабілетін дамыту, білім мекемелеріне заманауи технологияларды енгізу және еліміздің лайықты азаматтарын тәрбиелеу сынды маңызды мақсаттар бар. Бұл мақсаттарға біз мұғалімдердің, ата-аналар мен оқушылардың бірлескен күш-жігерінің арқасында ғана қол жеткізе аламыз.

Жаңа оқу жылы көптеген қызықты оқиғаларға, жарқын оқиғалар мен жеңістерге толы болсын! Оқушыларға еңбекқорлық, өз қабілеттеріне сенімділік, ал ұстаздарымызға шабыт пен шыдамдылық, парасаттылық, мықты денсаулық тілейміз.

Білім күні құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының
әкімі

Нүркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
маслихатының төрағасы

➤ 4-бет

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Кеншілерге арналған керемет кеш

Сенбінің сәскесі ауа-ақ шаһар тынысы мүлде басқа ырғаққа көшкендей болды. Қаланың Оңтүстік-Шығысындағы Жаңа алаңға толассыз ағылған жұрттың қарасы сағат санап еселене берді. Қолына көк ту ұстаған жастар, баласын жетелеген ата-аналар мен маңдай терін кеншілікке арнаған ардагерлер – бәрінің беталысы бір. Күн еңкейгенде Жаңа алаң 250 мың адамның басын қосқан алып сахнаға айналды. Аймақ тарихында бұрын-соңды болмаған мұндай ауқымды мерекені Qarmet компаниясы ұйымдастырып, кеншілер астанасы шартараптан келген қонақтармен бірге тарихи кештің куәсі болды

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа алаңға ағылған жұрт

Концерт алаңына кіреберіс сағат 15:00-де ашылды. Сол сәттен бастап-ақ адам нөпірі толастаған жоқ. Бағдарлама



басталғанша алаңның төрт секторы да көрерменге толды. Мерекенің басталуына әлі бірнеше сағат бар болса да, жұрт сахнаға жақын тұруға асықты.

Алып сахна, самаладай жарқыраған жарық, бірнеше жерге қойылған LED экрандар алыстан менмұңдалады. Әуен әуелеген сайын алаңдағы толқын да еселене берді. Бір әнші сахнадан түссе, келесісін тағатсыздана күткен көпшілік қолындағы телефон шамдарын жағып, алаңды жұлдызды аспандай құбылтты.

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» демекші, биылғы мерекенің орны да, өрнегі де бөлек. Бұрын көпшілік концерттер облыс әкімдігі алдындағы алаңда немесе Орталық саябақта өтетін. Ал, бұл жолы мереке қаланың жаңа бөлігіндегі арнайы алаңға ойысып, бұрын-соңды болмаған ауқымда ұйымдастырылды. Кеш барысында Dequine, Moldanazar, Қайрат Нұртас, Дима Билян және Димаш Құдайберген өнер көрсетті. Түрлі жанр мен әр буын өкілдері бас қосқан концерт бірнеше сағат бойы толассыз жалғасты.

Сағындырған сандақ

Халықтың ең тағатсыздана күткен сәті – Қазақстанның Халық әртісі, әлемге әйгілі әнші Димаш Құдайбергеннің сахнаға шығуы. Оның есімі аталған сайын алаңды көшемет пен қолдау кернеп отырды. Ал, әнші сахна төрінен көрінгенде, жүздеген мың көрерменнің қуанышы бір сәтте лап ете қалды. Димаш бірер әнмен ғана шектелмей, сағына күткен көрерменіне арнайы көлемді концерттік бағдарламасын ұсынды. Оның репертуарына жуырда аяқталған «Stranger» әлемдік турындағы шығармаларымен бірге, қазақ және ағылшын тілдеріндегі авторлық туындылары енді.

Әнші өнерін «Golden» композициясымен бастап, «Smoke», «Samgau», «Give Me Your Love», «Unforgettable Day», «Olimpico», «Ave Maria», «Stranger», «Любовь оставших лебедей» туындыларын орындады. Ал, «Тау ішінде», «Дүр-дараз», «Акерке», «Адай» секілді ұлттық мұраның жауһарлары заманауи сахнада жаңаша түрленіп тыныстады.

➤ 8-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 541.36

•USD/KZT 464.77

•RUB/KZT 5.41

•CNY/KZT 69.16

Қазақстан Ұлттық Банкінің
31 тамыз, 2026 жылғы дерегі бойынша

Кен орнының келешегі зор

Облыста «Солтүстік Қатпар» вольфрам жобасын жүзеге асыру жұмыстары басталды. Шет ауданындағы кен орнында дайындық жұмыстары екінші ай қатарынан жүргізіліп жатыр. Бұл жоба Қазақстандағы вольфрамды өндірумен шектелмей, оны ел аумағында терең өңдеп, жоғары технологиялық өнім шығаруға дейінгі жана өндірістік тізбекті қалыптастыруға бағытталған.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір өндірістік алаңдарды дайындау, кірме жолдар салу және далалық инфрақұрылым нысандарын тұрғызу жұмыстары жүріп жатыр. Геодезиялық зерттеулер де қатар жүргізілуде. Сонымен бірге, жобаның түпкілікті техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленуде. Оны 2027 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Жобаның ауқымы туралы облыс



ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

кейін металлургиялық қайта өңдеу және қосылған құны жоғары вольфрам өнімдерін шығару кезеңдері бір өндірістік тізбекке біріктірілмек.

Жоба халықаралық ынтымақтас-тықтың бір мысалы болумен қатар, Қазақстанға инвестиция мен жаңа технология тартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, стратегиялық маңызы бар минералдарды игеру арқылы өнеркәсіптің жаңа бағыттарын дамытуға жол ашпақ.

«Солтүстік Қатпар» мен «Жоғарғы Қайрақты» кен орындарын игеруге және қажетті тау-кен және қайта өңдеу инфрақұрылымын құруға салынатын инвестиция көлемі шамамен 1,1 млрд доллар деп бағаланып отыр.

Қолда бар есеп бойынша, екі кен

Ерен еңбекке құрмет

Кеншілер астанасы Қарағандыда Шахтер күні биыл ерекше ауқымда аталып өтті. Бұқаралық сипаттағы мерекелік шаралар легі облыстың серіктес қалалары – Саран, Абай және Шахтинскіде кеңінен ұйымдастырылды.



Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айтулы күнде спорттық жарыстар, мәдени-сауықтық және концерттік шаралар ұйыстырылып, жергілікті тұрғындар мерекелік көңіл күйге бөленді. Бастабында ат спорты жарыстары өтсе, күштік экстрим сайыстары мен футбол турнирлері көпшілікке тартысты бәсеке сыйлады. Ал, балаларға арналған ойын-сауық бағдарламалары бүлдіршіндердің қуанышын еселеді.

Тұрғындарды кәсіби мерекелерімен құттықтау үшін Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Qammet компаниясының басқарма төрағасы Петр Трушин және «Karaganda Komir» ЖШС директоры Жақан Мұхамеджанов Абай қаласына арнайы ат басын тіреді. Өңір басшысы мен өндіріс алпауыттарының жетекшілері кеншілер қауымына өздерінің ыстық лебіздерін білдіріп, ауыр да мәртебелі еңбектері үшін алғыс айтты.

Салтанатты жиында сөз алған аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Кеншілер күнінің өңір үшін стратегиялық әрі рухани маңызына тоқталды. Өңір басшысы мұндай айтулы датаның тек Қарағанды облысының тұрғындарын ғана емес, аға буын ардагерлері мен болашақ жас мамандарды, жал-

пы әр буын өкілдерін бір шаңырақ астына біріктіретін бұқаралық мерекеге айналғанын ерекше атап өтті.

– Бұл мереке әрдайым біздің өңірдегі ең басты мерекелердің бірі болды және солай болып қала береді. Шахтерлер облысымыздың дамуына елеулі үлес қосып келеді. Көмір саласының жұмысшылары мен ардагерлерін шын жүректен құттықтаймын. Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке, ең бастысы, қауіпсіз еңбек тілеймін, – деді облыс әкімі.

Петр Трушин кеншілердің еңбекқорлығымен ғана емес, өзара көмекке дайын тұратындығымен, киын сәтте бір-біріне қолдау көрсетіп, әріптесіне сүйеніш бола білетіндігімен ерекшеленетінін атап өтті.

– Кеншілер – шын мәнінде бірегей жандар. Сіздердің мамандықтарыңыз кез келген адамға бұйыра бермейтін ерекше қасиеттерді талап етеді. Соның ең бастысы – бір-біріңізге деген зор сенім. Күн сайын күрделі әрі ауыр жағдайда еңбек етесіздер. Мұндай кезде жаныңда кез келген сәтте көмекке келіп, қолдау көрсете алатын сенімді серіктестерің бар екенін білу аса маңызды. Міне, сіздердің ересен еңбектеріңіздің айрықша құндылығы да осында. Еңбектеріңіз үшін алғыс айтамын және барша компаниямыздың атынан сіздерге



әкімінің орынбасары Шыңғыс Сүйінбаев атап өтті.

– Бүгін Қарағанды облысы үшін де, бүкіл еліміз үшін де маңызы зор жобаға әлемдегі ең ірі вольфрам кен орындарының бірі саналатын «Солтүстік Қатпар» және «Жоғарғы Қайрақты» кен орындарын игеруге бастау беріп отырмыз. Жоба шетелдік инвестициялардың келуіне жол аша отырып, Шет ауданының экономикалық дамуына да елеулі серпін береді. Кәсіпорын пайдалануға берілгеннен кейін 1200 жаңа жұмыс орны ашылды, – деді ол.

Жобаға шетелдік инвесторлар да қатысып отыр. Cove Kaz Capital Group компаниясының бас директоры Доминик Хитон инвесторлар алдына қойылған міндеттердің ауқымына тоқталды.

Ал, «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ инвестициялар және стратегия жөніндегі бас директоры Данияр Ыдырысовтың айтуынша, жоба аясында кенді өндіруден бастап, металлургиялық қайта өңдеуге дейінгі толық өндірістік цикл қалыптастыру көзделген.

Бұл жерде негізгі мәселе – вольфрамды тек шикізат күйінде сыртқа шығармай, оны Қазақстанның өзінде өңдеу. Яғни, кенді өндіру, байыту,

орны іске қосылған кезде жылына шамамен 12 мың тонна вольфрам өнімін өндіруге мүмкіндік бар. Бұл – қазіргі әлемдік вольфрам өндірісінің шамамен 15 пайызына тең.

Вольфрам – өнеркәсіп үшін маңызды металдың бірі. Ол жоғары беріктігі мен ыстыққа төзімділігіне байланысты түрлі өндірістік салаларда қолданылады. Сондықтан, Қазақстан үшін бұл жобаның маңызы кен өндіру көлемімен ғана өлшенбейді. Ел ішінде терең өңдеу өндірісін қалыптастыру арқылы қосылған құны жоғары өнім шығаруға мүмкіндік туады.

Жобаның келесі кезеңдері де айқын. Қолданыстағы жоспарға сәйкес, негізгі құрылыс жұмыстары 2028 жылы басталуы мүмкін. Ал, 2029 жылы нысанды іске қосу-баптау жұмыстары жүргізіледі деп жоспарланып отыр.

Бүгінде Шет ауданындағы жоба алаңында жүріп жатқан дайындық жұмысы болашақ өндірістің алғашқы кезеңі. Жобаның толық жүзеге асуы еліміздегі вольфрамды өндіру мен өңдеудің жаңа бағытын қалыптастыруға тиіс.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Қызыл жалынға қарсы қалқан

Облыс әкімдігінің баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, үш ауылда жаңа өрт сөндіру бекеті ашылды. «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында іске қосылған нысандар шалғай елдімекендердегі төтенше жағдайларға жедел ден қоюға мүмкіндік бермек.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарқаралы ауданындағы Айнабұлақ пен Айрық ауылдары үшін бұл – көптен күткен жаңалық. Бұған дейін аталған елдімекендерде өрт сөндіру бекеттері болмаған. Сондықтан, оқыс жағдай туындағанда тұрғындар арнайы техниканың алыстан жетуін күтуге мәжбүр еді. Енді ауылдағы өрт сөндірушілер алғашқы сәттен әрекет етіп, тілсіз жаудың таралуына тосқауыл қоя алады.

Жаңа нысандардың ашылу салтанатына облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Марғұлан Аманбаев пен Қарқаралы ауданының әкімі Саят Мусин қатысты. Олар ауыл

тұрғындарын маңызды нысандардың іске қосылуымен құттықтап, мұндай бекеттердің елдімекен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызына тоқталды.

– Мәди ауылдық округіне қарасты Айрықта 500-ге жуық адам тұрады. Айнабұлақтағы бекеттің қызмет көрсету аумағы бұдан да ауқымды. Ол іргелес жатқан Ақтасты және Өсібай ауылдарын да қамтиды. Бұл – ең алдымен, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған игі бастама. Жаңа бекеттің іске қосылуы төтенше жағдай орын алған кезде оған дер кезінде әрекет етуге мүмкіндік береді, – деді аудан әкімі Саят Мусин.

Әр нысанда қызметкерлердің қалыпты жұмыс істеуіне қажетті

жағдай жасалған. Диспетчерлік бөлме, тынығатын орын, асуы, қойма және гараж жабдықталған. Төтенше жағдайлар министрлігі бекеттерді өрт сөндіру техникасымен, байланыс құралдарымен, арнайы жарактармен және жауынгерлік киім-кешекпен қамтамасыз етті.

Ауыл тұрғындары да көптен күткен бастамаға ризашылықтарын білдірді. Абай ауылының тұрғыны Айтқазы Ахметов пен Айрық ауылының тұрғыны Айтқали Фазылов жұртшылық атынан ақжарма тілектерін жеткізіп, ел азаматтарына ақ батасын берді.

Салтанат барысында азаматтық қорғау саласының дамуына үлес қосқан азаматтар да марапатталды. Марғұлан Аманбаев аудан әкімі Саят Мусинге «Азаматтық қорғау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісін табыс етті. Ал, Абай және Мәди ауылдық округтерінің әкімдері Рүстем



Тактанов пен Бек-Арыс Райым Төтенше жағдайлар министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды.

«Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясындағы тағы бір жаңа бекет Абай ауданының Са-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

бас иемін! – деді Qammet басқарма төрағасы кеншілерді құттықтап.

Еске салайық, еліміздің отын-энергетикалық кешенінің негізгі тиегі саналатын Қарағанды облысы тау-кен өнеркәсібіндегі көшбасшылық позициясын нығайтып келеді. Бүгінде аймақтың экономикалық әлеуетін арттырып, жер қойнауын игеруге 22 мыңнан астам білікті маман қызмет етеді. Өңірдегі өндірістік ырғақты қамтамасыз етіп отырған 15 ірі көмір өндіруші кәсіпорын толық қуатында жұмыс істеуде. Стратегиялық саланы дамытуға бағытталған инфрақұрылымдық кешеннің құрамына 11 жер асты шахтасы, жоғары сапалы маркалы көмір өндіру бағытында 12 ашық көмір разрезі отын ресурсын өндіру көлемін арттыру мақсатында үздіксіз қызмет көрсетіп келеді.

Үш қалада Луина, Нұржан Керменбаев және Bayansulu сынды танымал қазақстандық өнерпаздар мерекелік кеш шырайын кіргізді. Әуезді ән, жарқын сахналық қойылым мен көрерменнің ыстық ықпалы мерекелік кештің әсерін еселей түсті. Ал, Шахтинскіде қос мереке қатар аталып, қала тұрғындарының қуанышына қуаныш қосылды. Биыл кеншілер қаласы өзінің 65 жылдық мерейтойын қарсы алып, айтулы датаны еңбек мерекесімен сабақтастыра атап өтті.

Абай қаласында шахта жабдықтарының ашық аспан астындағы көрмесі алғашқы күннен-ақ қаланың ең өтімді әрі көп талқыланатын көрнекті орындарының біріне айналды. Экспозицияға қойылған алып техникалар мен ауыр өндірістік агрегаттар тек қала көркін ашып қана қоймай, кеншілердің тынымсыз еңбегі мен өңірдің бай тарихын көз алдыңызға көлденең әкеледі. Тұрғындар мен шаһар меймандары мұнда кен ошағының тыныс-тіршілігімен жақын танысып, жер қойнауын бағындырған құрылғылардың қуатын өз көздерімен көре алады. Экспозицияда жерасты жұмыстарына арналған арнайы вагонетка, аспалы локомотив және еңселі таспалы конвейер көздің жауын алады. Өндірістік агрегаттар ересектердің техникалық қызығушылығын тудырды. Ерекше экспонаттар әсіресе балалардың, естелікке суретке түсетін ең сүйікті орнына айналатындай.

Түнгі аспанды тербеткен отшашу кеншілер шаһарларының түгелін дерлік шарпылды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

марка ауылында ашылды. Бұл нысан Самарқанд қатар Оғородное бөлімшесіне де қызмет көрсетіп, аталған елдімекендердегі 832 тұрғынның өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бекет қажетті техникамен, байланыс құралдарымен және арнайы жабдықтармен толық қамтылған.

Жаңа бекеттердің ашылуы – ауылдағы қауіпсіздікті күшейтудің нақты қадамы. Өйткені, төтенше жағдайда әр минут қымбат.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНДА

Талқыда – түйткілді мәселелер

Облыстық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында бірқатар маңызды мәселе қаралды. Комиссия төрағасы Қадияша Оспанованың төрағалығымен өткен отырыста халық арасында психоактивті заттарды тұтынудың және есірткі қылмыстарының алдын алу, спорт саласын дамыту, денсаулық сақтау, жедел медициналық жәрдем станциясын салу, өңірлік денсаулық кеңесін құру және облыстың жаңа өңірлік символикасын бекіту мәселелері талқыланды.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Отырысты ашқан комиссия төрағасы Қадияша Оспанова бүгінгі таңда есірткі қылмысының сипаты өзгеріп келе жатқанын атап өтті.

– Негізгі қауіп енді дәстүрлі ұйымдасқан қылмыстық топтардан ғана емес, интернет пен мессенджерлер арқылы жұмыс істейтін жасырын желілерден туындап отыр. Қылмыскерлер криптовалюта, байланыссыз жеткізу және басқа да заманауи тәсілдерді пайдаланады. Әсіресе, синтетикалық есірткінің таралуы алаңдаушылық туғызуда. Сондықтан, бұл бағыттағы алдын алу және қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі түрде күшейту қажет, – деді Қадияша Базарбайқызы.

2025 жылғы тамызда ҚР Премьер-Министрінің өкімімен есірткінің алдын алу және есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіретін



14,5 пайызға азайды. Сонымен қатар, синтетикалық есірткінің заңсыз айналымына, интернет арқылы таратуға және есірткінің заңсыз өсіруге қарсы жұмыстар күшейтіліп, есірткі зертханалары мен фитозертханалар мен фитолaborаториялар анықталды. Интернеттегі есірткі жарнамасына қатысты сайттар мен аккаунттарды бұғаттау, күмәнді қаржылық операцияларды тоқтату және профилактикалық рейдтер жүргізу жалғасуда, – деді ол.

Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» директоры Зильфикар Әбілқасимов психоактивті заттарды тұтынудың алдын алу, тәуекел тобындағы азаматтармен жұмыс және наркологиялық есепте тұрған адамдарды медициналық сүйемелдеу бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

Облыстық психикалық денсаулық орталығының мәліметінше, қазіргі таңда 7,5 мыңға жуық адам наркологиялық есепте тұр. Бұған қоса, есірткі қолдану немесе есірткілік масаң күй фактісі анықталған адамдардың саны да өскен. Атап айтқанда, осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда көрсеткіш 255 адамнан 424 адамға дейін өскен. Анықталған жағдайлардың басым бөлігінде каннабиноидтар тіркелсе, тағы 6 жағдайда α-PVP қолданылғаны белгілі болған.

Есірткінің алдын алу бағытында да жұмыстар жүргізілуде. Биылғы бірінші жартыжылдықта мамандар 1 221 профилактикалық іс-шара өткізіп, 13 125

ру мақсатында нашакорлыққа қарсы форумдар мен спорттық, ақпараттық шаралар ұйымдастырылуда. «STOP-Граффити» рейді арқылы Қарағандыда 2 мыңнан астам, Теміртауда 872 есірткі жарнамасы жойылған. Ашық сот отырыстары, деректі фильмдер көрсетіліп, подкасттар мен психологиялық тренингтер өткізіліп, вейпинг, темекі шегу және лудоманияның алдын алу жұмыстары қолға алынған.

Есірткі қылмысының цифрлық ортаға ауысуы, жасөспірімдердің «закладчик» пен «дроппер» ретінде тартылуы, ата-аналардың құқықтық сауатын арттыру және ауылдық жерлердегі мамандарды қолдау өзектілігін көрсетеді.

«Үміт» қоғамдық қорының директоры Гүлмира Смаилова мен «Адал Азамат» өңірлік кеңсесінің кеңесшісі Дана Санаубаева да азаматтық қоғамның осы бағыттағы бірлескен жұмыстары туралы пікір білдірді.

Сонымен қатар, депутаттар жастармен жұмыс жүргізудің әлі де күшейтіп, жүйелеуді қажет ететін бірнеше бағытын атап өтті. Депутат Ермек Әбілдиннің пікірінше, форумдар, акциялар және өзге де іс-шаралармен қатар, жастармен тұрақты байланыс орнатуға мүмкіндік беретін ұзақ мерзімді жұмыс форматтарында дамыту маңызды. Бұл бағытта профилактикалық жұмысты бір реттік шаралармен шектемей, жүйелі түрде жүргізуге басымдық берген жөн.

– Бүгінде жұмыс белсенді



ретке келтіру, ауылдық жерлердегі спорт инфрақұрылымын дамыту және осы салаға бюджеттен тыс қаржы тарту мәселелері бар. Бұл жұмыстардың негізгі мақсаты – спорт нысандарының қолжетімділігін арттырып, ауыл мен қала арасындағы инфрақұрылым алшақтығын азайту.

Депутаттар денсаулық сақтау басқармасының басшысы Самат Кенжибаевтың амбулаториялық ем қабылдайтын азаматтардың жекелеген санаттарына қосымша медициналық көмек көрсету және оларды қажетті дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету жөніндегі ұсынысын қолдады. Бұл бастама аталған санаттағы тұрғындарға қолданыстағы медициналық көмектен бөлек, қосымша қажетті ем-дом мен медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыруға бағытталған.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе – жаңа өңірлік жедел медициналық жәрдем станциясын салу болды. 1972 жылы салынған қазіргі станция бүгінгі жүктемеге толық сәйкес келмейді. Мұнда жыл сайын жедел жәрдем бригадалары 430 мыңнан астам шақыртуға қызмет көрсетіп, санитариялық авиация арқылы 700-ге жуық ұшу орындалады.

Жаңа нысанның жалпы аумағы 7,9 мың шаршы метр болады деп жоспарланған. Ол қаланың «Оңтүстік-Шығыс» бөлігінде орналасады деп болжанып отыр. Қазір жаңа даму жобаларын іске асыруға мораторий қолданыста болғандықтан, депутаттар Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының ұсынысын қолдады. Шектеулер алынғаннан кейін жобаны «кілтпен» қағидаты бойынша жүзеге асырылатын құрылыс жобаларының тізіміне енгізу мүмкіндігін қарастыру ұсынылды.

Депутаттар халық денсаулығын қорғау жөніндегі Өңірлік кеңес құру туралы ұсынысты да қолдады. Кеңес әкімдік жанындағы жұмыс алаңы ретінде мемлекеттік органдардың осы бағыттағы қызметін үйлестіріп, халық денсаулығына әсер ететін ведомстваралық мәселелерді бірлесіп шешуге мүмкіндік береді. Бұл бастама денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелерді тек бір ведомствоның аясында емес, кешенді түрде қарастырып, нақты шешімдер қабылдауға бағытталған.

Сондай-ақ, депутаттардың қарауына облыстың жаңа өңірлік рәмізі ұсынылды. Байқауға алты автордан барлығы 17 эскиз түскен. Нәтижесінде жеңімпаз деп Станислав Аппазовтың жобасы танылды.

Салалық басқарманың мәліметінше, жаңа рәмізде өңірдің табиғи, экономикалық және мәдени әлеуеті көрініс тапқан. Яғни, жаңа символика облыстың өзіндік ерекшелігін айқындап, оның даму мүмкіндіктерін танытатын негізгі белгілерді бір композицияға біріктіреді.

Барлық мәселелер қыркүйек айында өтетін облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының қарауына енгізіледі.

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО



республикалық штаб құрылған. Осы орайда, облыс әкімінің басшылығымен өңірлік штаб жұмыс істейді. Бұл бағыттағы жұмыстың ауқымын соңғы статистика да аңғартады. Полиция мәліметіне сәйкес, биылғы алғашқы жеті айда 356 келі синтетикалық есірткі және оларды заңсыз өндіруде пайдаланылуы мүмкін 4 тоннадан астам прекурсор тәркіленген. Бұл көрсеткішке психобелсенді заттардың өзге түрлері кірмейді.

Қадияша Оспанова атап өткендей, депутаттар есірткі қылмысының алдын алу мәселесін тұрақты түрде бақылауда ұстап келеді. Сонымен қатар, оның алды алу шараларын күшейту мақсатында қосымша қаржы бөлу де көтерілген. Дегенмен, қабылданатын жатқан шараларға қарамастан, шешімін күткен бірқатар түйткіл әлі бар. Сондықтан, есірткі қылмысына қарсы күрес пен оның алдын алу тетіктерін одан әрі жетілдіру күн тәртібінде.

Облыстық полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының бастығы Қайыржан Токубаев ахуалды баяндады.

– 2026 жылдың жеті айында облыста 130 есірткіге байланысты құқық бұзушылық тіркеліп, өткен жылмен салыстырғанда

адамды қамтыған. Бұл ретте профилактикалық жұмыстың тек есірткі қолданудың алдын алумен шектелмей, тұрғындардың, әсіресе жастардың ақпараттық сауаттылығын арттыруға бағытталғаны маңызды.

Сонымен бірге, материалдық-техникалық базаны жаңарту мәселесі де назарда. Желтоқсан айына дейін Мұқанов көшесіндегі наркологиялық орталық корпусының күрделі жөндеуін аяқтау жоспарланып отыр. Тәулік бойы жұмыс істейтін стационар 92 төсекке есептелген. Жаңартылған корпусы қажетті медициналық құрал-жабдықтармен, жиһазбен, техникамен және оңалтуға арналған мүкәммалмен толық жарақтандыру үшін 194,15 млн теңге қажет.

Ал, жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Айсулу Ерниязова жастар арасындағы нашакорлық, лудомания және құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары жөнінде айтты. Айтуынша, 2026 жылдың басынан бері 59 ірі іс-шара өткізіліп, 6 мыңға жуық жас қамтылған. Жастар ресурстық орталығы жанындағы фронткеңсе түсіндіру, рейдтік және волонтерлік жұмыстарды үйлестіреді.

Жастардың тәуелділіктерге қарсы иммунитетін қалыптасты-

жүргізіліп жатыр. Алайда, ендігі міндет – негізінен бір реттік іс-шаралардан жүйелі әрі ұзақ мерзімді жұмыс форматына көшу. Мәселен, жыл бойына жоспарланған тренингтер циклін, тәлімгерлік бағдарламаларды және жастармен тұрақты өзара байланыс орнатуға мүмкін-

дік беретін басқа да форматтарды енгізу мүмкіндігін қарастырған жөн.

Тәуекел тобына жататын жасөспірімдермен жұмысқа да ерекше назар аудару қажет. Бұл ретте проблеманы ерте анықтау, алдын алу және әр жасөспіріммен жеке жұмыс жүргізу тетіктерін күшейту керек. Қажет болған жағдайда бұл процеске тиісті мамандарды да тарту маңызды.

Тағы бір маңызды бағыт – ақпараттық жұмыс. Жастар аудиториясының қызығушылығы мен сөйлеу мәнеріне бейімделген медиаконтентті тұрақты түрде ұсыну қажет. Спорт саласындағы көшбасшыларды, волонтерлерді күшейту керек. Қажет болған жағдайда бұл процеске тиісті мамандарды да тарту маңызды.

Бұдан бөлек, жастардың қажетті жағдайда көмекке дер кезінде жүгінуіне, проблемалық жағдайлар немесе есірткі тарату фактілері туралы хабарлауына мүмкіндік беретін қолжетімді әрі құпия кері байланыс арналары болуы керек, – деді Ермек Әбілдин.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе 2027-2029 жылдарға арналған дене шынықтыру және спорт саласындағы проблемаларды жүйе-

елі шешу жөніндегі перспективалық жоспар. Қазір облыста 1 384 спорт нысаны жұмыс істейді, халықтың спорт инфрақұрылымымен қамтылуы 69,1 пайызды құрайды. Жоспар аясында жалпы құны шамамен 3,2 млрд теңге болатын 20 нысанды жөндеу, ауылдарда модульдік спорт құрылыстарын дамыту, жеке инвестициялар мен демеушілік қаражатты тарту көзделген. Қарағандыдағы «Спорттық кластер» жобасы да маңызды бағыттардың бірі болып отыр.

Жоспардың негізгі бөлігі бұқаралық және инклюзивті спортты дамытуға, балалар мен жастарды спортқа тартуға бағытталған. Сонымен қатар, жоғары жетістіктер спортындағы 131 спортшы мен 91 жаттықтырушыны қолдау, балалар-жасөспірімдер спорт мектептерін қаржыландыру, материалдық-техникалық және кадрлық базаны нығайту, цифрландыруды күшейту және қалалар мен аудандардағы аяқталмаған нысандарды аяқтау қарастырылған.

Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұркен Нұратовтың айтуынша, биылғы басым бағыттардың қатарында құрылыс аяқталмаған және проблемалық спорт нысандарын



Жаңа белес, жаңа мүмкіндік

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осыған байланысты «Цифрлық сауаттылық» және «Информатика» пәндерінің атауы өзгертіледі. Жасанды интеллектіні мектеп қабырғасынан менгерту қажеттігін Мемлекет басшысы да бірнеше рет атап өткен. «Жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзыретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс», – деген еді Қасым-Жомарт Тоқаев. Осыған байланысты Президент тапсырмасымен Қазақстанның орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізудің 2026-2029 жылдарға арналған кешенді жоспары әзірленді.

– Жасанды интеллект мұғалімді алмастыратын құрал емес, оның көмекшісі болуы керек. Қазіргі педагогтің міндеті – дайын жауапты ұсыну емес, оқушыны ойлануға, зерттеуге, таңдауға және өздігінен шешім қабылдауға үйрету. Болашақ мамандар үшін технологиялық біліммен қатар, аналитикалық және креативті ойлау, қарым-қатынас пен көшбасшылық қабілеттердің маңызы зор, – дейді «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру басқарма төрағасы Әнуар Жанғозин.

Мұғалімге – уақыт, оқушыға – көңіл

Білім беру жүйесіндегі цифрландырудың тағы бір мақсаты – педагогтің қағазбастылығын азайту. Мұғалімнің негізгі уақыты сабақ беруге және оқушымен жұмыс істеуге жұмсалуы керек. Осы бағытта облыста білім сапасын бақылау мен педагогтерге әдістемелік қолдаудың цифрлық құралдары ен-



гізілуде. «Білімал» платформасында ішкі мектептік бақылаудың арнайы модулі іске қосылды. Проблемалы тұстарды анықтап қана қоймай, шешу жолдарын ұсынады және тапсырмалардың орындалу мерзімін автоматты бақылайды. Жаңа оқу жылынан бұл модуль облыстың барлық мектептерінде іске қосылды. Ал, ROQED AI платформасы сабақ жоспарын әзірлеу, жұмыстарды тексеру және материалдар таңдауды жеңілдетуге мүмкіндік береді.

– Біз үшін цифрландырудың мақсаты – жаңа технологияны енгізу ғана емес, оның нақты нәтижеге жұмыс істеуі. Мұғалімнің уақытын есеп беруге емес, балаға арнауымыз керек. Жаңа оқу жылында басқару жүйесін де нәтижеге бағыттағмыз, – дейді облыстың білім басқармасы басшысы Дулат Жекебаев.

Баланың ас мәзірі де – назарда

Мектептегі өзгерістер тек оқу процесімен шектелмейді. Оқушының күнделікті тамақтануына қатысты талаптар да күшейіп келеді. 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап Қазақстанның білім беру ұйымдарында балалардың дұрыс әрі теңгерімді тамақтануына бағытталған жаңа тамақтану стандарты қолданысқа енгізілген. Жаңа стандарт бойынша тағам құрамындағы кант мөлшері 3,6 есеге, тұз 5 есеге азайтылды. Көкөніс, жеміс-жидек және сүт өнімдерінің үлесі көбейді. Мәзірден шұжық өнімдері, ысталған тағамдар, спредтер және құрамында кант пен тұзы жоғары басқа да өнімдер алынып тасталды. Құрамында қанты бар сусындар мен шыршандардың орнына су, сүт,

кышқыл сүт өнімдері және қанты аз сусындар ұсынылады. Мақсат – балаларда дұрыс тамақтану дағдысын қалыптастырып, артық салмақ, кант диабеті және жүрек-қан тамырлары ауруларының даму қаупін азайту. Мектептердегі бір реттік тамақтандыруға арналған үлгілік мәзірлерді әзірлеу кезінде балалардың жасы, тағамның калория мөлшері және маусымдық ерекшеліктер ескерілген.

– Осы мәзірлердің негізінде 2025-2026 оқу жылында барлық өңірде перспективалық мәзірлер бекітілді. Бұл ретте тамақтану стандарты бір реттік шара емес, балалардың тамақтануын ұйымдастырудың тұрақты тәсілі екенін атап өткен жөн. Жаңа оқу жылында білім беру ұйымдарының барлығында оны мәзір әзірлеу, азықтүлік сатып алу, сақтау және дайындау кезінде мүлтіксіз әрі

жүйелі түрде сақтау қажет. Белгіленген талаптарды тұрақты орындау ғана балалар рационның сауықтыруға және болашақта олардың денсаулық көрсеткіштеріне оң әсер етуге мүмкіндік береді, – деді Денсаулық сақтау министрлігі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрайымы Сархат Бейсенова.

Жаңа оқу жылы қарсаңында ата-аналар арасында жиі талқыла- нын сыртқы келбеті. Мектептерде оқушының киімі мен сыртқы келбетіне қатысты ішкі талаптар болуы мүмкін. Мұндай талаптар баланың білім алуына кедергі келтірмей, ұқыптылық пен қауіпсіздік қағидаларына негізделуі тиіс. Сондықтан, «паштың ұзындығы қандай болуы керек?» дегеннен бұрын, оқушының мектепке ұқыпты, жинақы және оқу процесіне кедергі келтірмейтін күй- де келуі маңызды.

1 қыркүйекте мұғалімге гүл сыйлау – жылдар бойы қалыптасқан жақсы дәстүр. Бірақ, ол ата-анаға міндеттелетін немесе ақша жинауға айналатын талап болмауы керек. Бір тал гүл – ұстазға деген алғыстың символы. Оны баланың өзі таңдауы да, сынып болып сыйлауы да мүмкін. Ең маңыздысы – гүлдің бағасы емес, баланың ұстазына деген құрметі. Білім күнінің мәнін қымбат сыйлықтан немесе үлкен шығыннан емес, баланың жаңа оқу жылын қуанышпен бастауынан іздеген жөн.

Бүгінгі шәкірт – ертеңгі ел тірегі

Білім беру жүйесіндегі өзгерістердің ауқымы мектеп қабырғасымен шектелмейді. Сапалы білім – елдің адами капиталы мен экономикасының негізгі тіректерінің бірі. Эконо-

микалық зерттеулер институтының Тұрақты даму мақсаттары жөніндегі хатшылық директоры Бақытгүл Хамбар білім мен қоғам дамуының өзара байланысына назар аударды.

– Білім – адами капиталды дамытудың және экономикалық өсуді қамтамасыз етудің негізгі құралы. Баланың білім алуы оның отбасындағы, әлеуметтік ортадағы жағдайымен де тығыз байланысты. Сондықтан, бала әл-ауқатын бағалау, проблемаларды ерте анықтау және дер кезінде қолдау көрсету маңызды, – дейді Бақытгүл Хамбар.

Жаңа оқу жылына қойылып отырған талаптармен қатар өңір оқушыларының жетістіктері де жоғары. Соңғы үш жылда халықаралық олимпиадаларда жеңіп алынған дипломдар саны 24-тен 32-ге дейін өскен. Биыл облыс тарихында алғаш рет географиядан республикалық және Еуропалық халықаралық олимпиадаларда екі алтын медаль иеленді.

Облыста ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауға да басымдық берілуде. Өңірде мұндай балалардың 92,1 пайызы арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған.

2026-2027 оқу жылы мектеп үшін жаңа пәндер мен технологиялардың ғана емес, жаңа көзқарастың да бастауы болмақ. Бірінші сыныпқа қадам басқан 15 мыңнан астам бүлдіршін үшін жаңа кезең. Ата-ана мен мұғалім үшін басты міндет – баланың білімге деген қызығушылығын жоғалтпай, оны қауіпсіз, заманауи және қолайлы ортада тәрбиелеу. Өзгертетін – оқу мазмұны мен технология. Өзгермейтін – баланың сапалы білім алуға құқығы мен ұстаз еңбегіне деген құрмет.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӨЗЕКТІ

Мамандық таңдау мақсатқа жүгінеді

Мамандық таңдау – мектеп бітіруші үшін маңызды шешім. Бүгінде жастар үшін белгілі бір кәсіпті менгерудің өзі жеткіліксіз. Таңдалған мамандықтың еңбек нарығында қаншалықты қажет екені, оқу аяқталғаннан кейін жұмыс табу мүмкіндігі де маңызды. Осы тұрғыдан алғанда техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне қойылатын талап күшейіп келеді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіпорын сұранысы ескеріледі

Кәсіпорындардың нақты сұранысын ескеру – мемлекеттік тапсырыстың маңызды бағытының бірі. Бастама облыс үшін де өзекті. Өңірде тау-кен металлургиясы, энергетика, машина жасау, құрылыс және көлік салалары дамыған. Аталған салалардың тұрақты жұмысы үшін нақты кәсіптік дағдысы бар мамандар қажет. Сондықтан, мемлекеттік тапсырысты жұмыс берушілердің сұранысымен байланыстыру жастарды еңбек нарығына бейімдеудің тиімді жолының бірі. Мұндай басымдықтың себебі түсінікті. Өндіріс, энергетика, көлік, құрылыс, машина жасау, тау-кен салаларына білікті техникалық кадрлар қажет. Цифрландыру мен жаңа технологиялардың дамуы еңбек нарығында жаңа дағдыларға ие мамандарға деген сұранысты күшейтті.

Колледждердегі мемлекеттік тапсырыстың маңызды ерекшелігі – оны жұмыс берушілердің нақты қажеттілігімен байланыстыру. Кәсіпорындардың өтінімдері негізінде кейін міндетті түрде жұмысқа орналастыруды көздей отырып, 10 мыңнан астам студентті қабылдау жоспарланып отыр. Колледж бен өндіріс арасындағы байланысты күшейтудің бір тетігі. Кәсіпорынға қандай маман қажет болса, сол бағытта кадр даярлауға мүмкіндік артады.

Облыста мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру кезінде өңірдің кадр қажеттілігіне ерекше назар аударылады. Қазір облыста 51 колледж жұмыс істейді, оның 35-і – мемлекеттік. 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік тапсырыс жұмыспен қамту қызметінің болжамы, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының деректері және өңірде іске асырылатын инвестициялық жобалар негізінде қалыптастырылды. Колледждердегі мамандықтар тізімі кездейсоқ таңдалмайды. Өңірге қандай кадр қажет, қай салада маман тапшылығы бар, қандай жаңа өндірістер іске қосылады – осы мәселелердің барлығы ескеріледі.

Бұл бағытта облыста кадр даярлаудың кластерлік моделі енгізілуде. Қазір өңірде құрылыс кластері мен IT-әлеміс құрылған. Жаңа жүйеге колледждермен қатар кәсіпорындар, бейінді ұйымдар мен құзыреттілік орталықтары қатысады. Мұндай тәсіл мамандарды нақты өндірістердің талаптарына сай даярлауға мүмкіндік береді.

– Кластерлік тәсіл кадр даярлау мәселесіне кеңірек қарауға мүмкіндік береді.

Біз бір міндеттің айналасына колледждерді, жұмыс берушілер мен салалық ұйымдарды біріктіреміз. Осы арқылы студент оқу кезінде-ақ болашақта қай жерде және қандай стандарттар бойынша жұмыс істейтінін түсінеді. Біз үшін басты нәтиже – диплом алу фактісінің өзі емес, түлектің кепілді түрде жұмысқа орналасуы, маманның еңбек нарығында сұранысқа ие болуы және жұмыс орнында орнығуы, – деді облыстың білім басқармасы басшысы Дулат Жекебаев.

Кластерлік тәсілдің тағы бір маңызды бөлігі – дуальды оқыту. Бүгінде облыста осы жүйемен 37 колледж, 464 кәсіпорын және 8 мыңға жуық студент қамтылған. Студент оқу барысында теориялық білім алып қана қоймай, кәсіпорында практикалық дағдыларын қалыптастырады.

Мемлекеттік тапсырыс аясында автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, дөңкерлеу, машина жасау технологиясы, электр жабдықтары сияқты бағыттарға да орын бөлініп отыр. Мысалы, 2026-2027 оқу жылына автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсетуге 580, дөңкерлеу ісіне 465, машина жасау технологиясына 150, электр жабдықтарына 100 орын қарастырылған. Осы мамандықтардың сұранысқа ие болуы кездейсоқ емес. Кәсіпорындардың қалыпты жұмыс істеуі үшін техниканы басқаратын, жөндейтін, өндірістік жабдықтарға қызмет көрсететін және технологиялық процестерді меңгерген мамандар қажет.

Нарықтың талабы қандай?

Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ Инновациялық технологиялар колледжі мамандарының мәліметінше, 2026-2027 оқу жылында колледжге барлығы 340 талапкер қабылданды. Оның ішінде, 116 студент мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, яғни, грант негізінде білім алады. Қалған талапкерлер ақылы негізде оқуға қабылданған. Қазіргі таңда талапкерлер арасында техникалық және өндірістік бағыттағы мамандықтарға қызығушылық жоғары. Әсіресе, еңбек нарығында сұранысқа ие әрі кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары бағыттарды таңдаушылар саны артып келеді. Биыл талапкерлер арасында пайдалы қазбалар кен орындарын ашық әдіспен игеру, бағдарламалық қамтамасыз ету, логистика, автоматтандырылған жүйелерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу мамандықтары сұранысқа ие болды. Өткен оқу жылымен салыстырғанда аталған мамандықтардың барлығына талапкерлер тарапынан қызығушылық артқан.



Колледж өкілдерінің айтуынша, бұл бағыттарға сұраныстың өсуі өңірдегі тау-кен өнеркәсібінің дамуы, өндірісті автоматтандыру, цифрландыру және логистикалық қызметтерге қажеттіліктің артуымен байланысты. Өндіріс пен заманауи технологияларды ұштастыратын мамандықтарға қызығушылық байқалады.

– Бүгінде жастар мамандық таңдағанда оның еңбек нарығындағы қажеттілігіне, өндірісте қолданылуына және болашақта тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігіне көбірек назар аударады. Тау-кен саласы, IT, автоматтандыру және логистика бағыттары талапкерлер үшін басым бағыттардың біріне айналып отыр, – дейді Әбілқас Сағынов атындағы Инновациялық технологиялар колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Илья Дашкин.

Қазіргі еңбек нарығында ең алдымен техникалық және жұмысшы мамандықтары бойынша даярланған кадрларға сұраныс жоғары. Өңірдің өндірістік ерекшелігін ескерсек, тау-кен және өнеркәсіп саласында жұмыс істей алатын техникалық мамандарға, жабдықтарды пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бағытындағы кадрларға қажеттілік бар. Өндірістің цифрлануына байланысты автоматтандырылған жүйелермен жұмыс істей алатын мамандар мен бағдарламалық қамтамасыз ету саласының кадрларына да сұраныс өсіп келеді. Жұмыс берушілер үшін теориялық білімімен қатар өндірістік процесті түсінетін, заманауи жабдықпен жұмыс істей алатын және тәжірибелік дағдылары қалыптасқан жас мамандар маңызды. Осыған байланысты колледж білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының өзгерістеріне және жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес жаңартып отыруға мән береді.

Алдағы уақытта колледжде «Әуе кемелеріне жерде қызмет көрсету» жаңа мамандығын ашу жоспарланып отыр. Бұл бағыт авиация саласындағы техникалық және сервистік кадрларға деген сұранысты ескеруге мүмкіндік береді. Колледж өкілдері

алдағы уақытта да өңір мен ел экономикасына қажетті, түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары мамандықтарды енгізуге басымдық берілетінін атап өтті.

Білім мен жұмыс арасында байланыс бар

Мемлекеттік тапсырысты еңбек нарығымен байланыстырудың тағы бір артықшылығы – түлектің жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттыру. Кәсіпорынның тапсырысы бойынша білім алған студент оқу барысында сол өндірістің талаптарын менгеріп, кейін сонда еңбек жолын жалғастыра алады. Дуальды оқыту жүйесінің де маңызы зор. Студент оқу уақытын колледждегі теориялық сабақпен қатар кәсіпорындағы практикалық дайындыққа бөліп, нақты жұмыс процесімен танысады. Қазіргі колледж тек диплом беретін білім беру ұйымы емес, еңбек нарығына тікелей маман даярлайтын орынға айналып келеді.

Мемлекет тарапынан техникалық және кәсіптік білімге беріліп отырған басымдық та осы мақсатпен байланысты. 133 мың мемлекеттік тапсырыс орнының 70 пайызының техникалық бағыттарға бөлінуі – өндіріс пен экономикаға қажетті кадрларды даярлауға жасалған нақты қадам. Кәсіпорындардың өтінімі бойынша 10 мыңнан астам студентті кейін жұмысқа орналастыру шартымен қабылдау білім мен жұмыстың арасындағы байланысты одан әрі күшейтеді.

Жас маман үшін мұның мәні зор. Мамандықты дұрыс таңдау – тек төрт жылдық оқу емес, болашақ еңбек жолын анықтау. Талапкер колледж таңдағанда «қайда түсемін?» деген сұрақпен қатар «оқуды аяқтағанда қай жерде қажет маман боламын?» деген сауалды да ескергені жөн. Еңбек нарығы өзгерген сайын сұраныстағы мамандықтар да жаңарады. Бүгінгі талап – сол өзгерісті алдын ала аңдап, экономикаға қажет кадрды уақытында даярлау.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жас дарынның жарқын жеңісі

№2 «Білім-Инновация» лицей-интернатының 11-сынып оқушысы Нүрия Мұхамбетәлі үшін 2026 жыл білім мен ғылым жолындағы айтулы жетістіктерімен есте қалмақ. Жас дарын халықаралық білім додасында Қазақстанның намысын қорғап, ел қоржынына жүзде салды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нүрия Мұхамбетәлі IESO-2026 – Халықаралық Жер туралы ғылымдар олимпиадасына Қазақстан құрамасының сапына ену үшін ел көлемінде өткен ұлттық іріктеу кезеңіне қатысты. Назарбаев Университетінің базасында ұйымдастырылған сыныптың қорытындысы бойынша Қазақстан атынан халықаралық олимпиадаға қатысатын төрт оқушының бірі ретінде таңдалды.

Оқушының пәнге деген терең қызығушылығы мен білімі, ғылыми ізденіс пен табандылығын танытты. IESO – гео-логия, геофизика, метеорология, океано-графия және жер туралы басқа да ғылым салаларын қамтитын беделді халықаралық олимпиадалардың бірі. 20-27 тамыз аралығында Италияның Турин қаласында өткен байқауға әлемнің әр түпкірінен келген дарынды оқушылар қатысты. Бір аптаға созылған халықаралық додада қатысушылар тек теориялық білімдерін ғана емес, зерттеу, талдау және командалық жұмыс қабілеттерін де сынга салды.

Қазақстан құрамасы халықаралық аренада жоғары нәтиже көрсетіп, ел мерейін үстем етті. Сол жетістікке Нүрия Мұхамбетәлінің де қосқан үлесі зор. Ол Earth Systems Project және International Team Field Investigation бағыттары бойынша қола медаль иеленді. Жас зерттеушінің нәтижесі бір күндік еңбектің жемісі емес. Бұл – үздіксіз дайындық, ұстаздардың бағыт-бағдары, ата-ананың қолдауы және білімге деген табанды ұмтылыс. Халықаралық олимпиададағы қола медаль – Нүрияның ғана емес, оны тәрбиелеп, білім берген ұстаздарының да еңбегіне берілген баға.

Халықаралық деңгейдегі осындай жетістіктер жас буынның ғылымға деген қызығушылығын арттырып, жаңа белестерге ұмтылуына жол ашады. Нүрияның жеңісі лицей оқушылары үшін де үлкен мотивация. Оның жетістігі «Білім мен табандылық арқылы биік белестерді бағындыруға болады» деген сенімді тағы бір мәрте дәлелдеді. Нүрия Мұхамбетәлінің алдағы уақытта да ғылым жолындағы ізденісін жалғастырып, халықаралық додаларда Қазақстанның көк Туын талай мәрте желбіретеріне сенім мол. Жас дарынның бүгінгі жетістігі – үлкен жеңістердің бастауы болғай!

Жасыл қорды еселейтін жылыжай

Мемлекет басшысының 2 млрд ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмасы аясында өңірде орман дақылдарын өсіруге, сапалы отырғызу материалын көбейтуге және заманауи технологияларды енгізуге басымдық берілуде. Осы бағыттағы маңызды жобаның бірі – жабық тамыр жүйесі бар қылқан жапырақты ағаш көшеттерін өсіруге арналған жаңа жылыжайдың құрылысы.

Аида РАХЫМҚҮЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көшет өсірудің жаңа технологиясы

Жаңа нысан Шахтинск маңындағы Новодолинск кентінде орналасқан тұрақты орман питомнигінің аумағында бой көтереді. Жоспар бойынша, келер жылы мұнда Қарағанды облысындағы қылқан жапырақты көшеттерді жабық тамыр жүйесімен өсіретін алғашқы заманауи жылыжай іске қосылуы тиіс.

Нысан іске қосылғаннан кейін жылына бір миллионға дейін көшет өсіруге мүмкіндік береді. Қазір болашақ жылыжай кешенінің орнында құрылысқа дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Геодезистер аумақтың шекарасын белгілеп, нысандардың орнын анықтауда. Ал, келер жылы бұл жерде Қарағанды облысындағы қылқан жапырақты көшеттерді жабық тамыр жүйесімен өсіретін алғашқы заманауи жылыжай іске қосылады.

Жоба 2026-2027 жылдарға жоспарланған. Нысанды жобалаумен «STROYCONSALTING» ЖШС айналысады. Құрылыс жұмыстарының бас мердігері – «ТОПРОФАСАД» компаниясы. Жобаға бюджеттен шамамен бір миллиард теңге бөлінген.

Қарағанды облысының орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі шаруашылығының орманды жоспарланған және орман өсіру жөніндегі инженері Эдуард Крюков жаңа кешен өңірдің ормандылығын арттыруға мүмкіндік беретін маңызды жобаның бірі екенін атап өтті.

– Тұрақты орман бағынын аумағы 41 гектарды құрайды. Қазір мұнда жылыжай кешенін салу жұмыстары басталды. Бұл – Мемлекет басшысының ормандылықты арттыру жөніндегі тапсырмасын орындау бағытындағы маңызды қадам. Кешен жыл сайын жабық тамыр жүйесі бар бір миллион қылқан жапырақты көшет өсіруге мүмкіндік береді. Бұл – облыс үшін үлкен серпіліс. Сапалы көшетпен қамтамасыз етіп, орман алқабын көбейтуге жол ашадy. Мұндай кешен өңірде бұрын болған емес, – деді ол.

Қазіргі уақытта құрылыс алаңында жер қазу, ғимараттардың орнын белгілеу және бөлу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

– Бұл нысанның құрылысын бас мердігер – «ТОПРОФАСАД» компаниясы жүргізіп жатыр. Қазіргі уақытта жер қазу жұмыстары және ғимараттардың орнын белгілеу, бөлу жұмыстары жүргізілуде. Жоба аясында өндірістік база мен көшеттерді жабық тамыр жүйесімен өсіруге арналған жылыжай салу қарастырылған, – деді жоба жетекшісі Мұхаммеджан Махмұтов.

Жаңа кешеннің басты ерекшелігі – жабық тамыр жүйесі технологиясы. Оның негізгі артықшылығы – көшет өсіру мерзімін қысқарту және өсімдіктің тұрақты жерге отырғызылғаннан кейінгі жерсінуге мүмкіндігін арттыру.

Дәстүрлі әдіспен ашық топырақта көшетті қажетті өлшемге жеткізуге шамамен екі жыл қажет. Ал, жылыжай жағдайында бұл мерзімді бір жылға дейін қысқартады. Яғни, бір жылдың ішінде даму деңгейі шамамен екі жылдық көшетке сөйкес келетін отырғызу материалын алу көзделген.

Технологияның тағы бір ерекшелігі – көшеттің тамыр жүйесі топырағымен бірге сақталуында. Сондықтан, оны жаңа жерге отырғызу кезінде тамыры аз зақымданып, өсімдіктің жерсінуге көрсеткіші жоғары болады.

Бұл Қарағанды облысы үшін айрықша маңызды. Себебі, өңірдің табиғи-климат-



тық жағдайы күрделі. Орман өсіруде көшеттің көп болуы ғана емес, оның жаңа ортаға бейімделіп, әрі қарай өсуі де шешуші рөл атқарады.

Жылыжайда өсімдіктің дамуына қажетті жағдай автоматтандырылған жүйелер арқылы бақыланады. Мұнда микроклиматты реттеу, заманауи суару және жаңбырлатып суару жүйелері қарастырылған. Сонымен қатар, тұманды суару технологиясы қолданылмақ.

Осының бәрі өсімдікке қажетті температура мен ылғал деңгейін сақтап, оның өсу қарқынын тұрақты бақылауға мүмкіндік береді.

Алайда, жылыжайда өскен көшет бірден орманға отырғызылмайды. Алдымен арнайы жетілдіріп өсіру алаңдарына көшіріліп, біртіндеп ашық ортаға бейімделеді. Осы кезеңнен кейін ғана тұрақты жерге отырғызу жұмыстары жүргізіледі.

Жаңа кешенде негізінен кәдімгі қарағай көшеттерін өсіру жоспарланған. Мамандардың айтуынша, қылқан жапырақты ағаштар жапырақты өсімдіктерге қарағанда баяу өседі. Сондықтан, олардың бастапқы даму кезеңінде барынша қолайлы жағдай жасау маңызды.

Кәдімгі қарағайдың Қарағанды өңірінің табиғи жағдайына бейімділігі де ескерілген.

Бір тонна бүрден – 10 мың тұқым

Болашақ жылыжайдың тұқымына қажетті тұқым қорын дайындау да маңызды міндет. Мамандар қараша айынан кәдімгі қарағай өсетін арнайы бөлінген учаскелерден тұқым жинауды жоспарлап отыр.

Жиналған тұқымдар алдымен өңдеуден өтіп, кейін зертханада сарапталлады. Мұнда олардың өнгіштігі көрсеткіші анықталады.

Тұқым жинау – сырт көзге қарапайым көрінгенімен, есебкті көп қажет ететін жұмыс. Орта есеппен бір тонна бүрден шамамен 10 мың тұқым алынады. Ал, сол тұқымдардың әрқайсысы болашақта үлкен ағашқа айналуы мүмкін.

– Бір дәннен ағаш өсіру үшін көп еңбек пен мейірім керек. Біз олармен сөйлесеміз, күтіп-баптаймыз, суарамыз. Тұқымның өніп шыққанына қуанамыз. Одан орман пайда болғанша ондаған жыл өтетінін жақсы түсінеміз, – дейді Эдуард Крюков.

Мамандардың айтуынша, кішкентай тұқымнан адам бойындай ағаштың қалыптасуына шамамен алты жыл қажет. Толыққанды ірі ағаштың өсуіне бірнеше ондаған жыл кетеді.

Орман баққа қарағайдан бөлек, терек, мамыргүл, қайың секілді түрлі өсімдіктер де өсіріледі. Әсіресе, мамандар қайың өсіру бойынша жүргізілген тәжірибені ерекше атайды.

– Бізде, тіпті, «орманды кез келген адам отырғызады, ал қайыңды өсірген – нағыз орманшы» деген әзіл бар. Қайыңды

тәжірибе ретінде септік. Нәтижесінде шамамен 120 мың көшет алдық. Біздің топырақ үшін бұл оңай емес. Көп адам оның шығатынына сенбеді, – дейді маман.

Өңірдегі орман бағының өндірістік әлеуетін арттыру мақсатында оның аумағын кезең-кезеңімен кеңейту жұмыстары жүргізілуде.

тек питомникпен шектелмейді. Облыста 2021-2027 жылдарға арналған ормандарды қалпына келтіру және орман өсіру жөніндегі кешенді жоспар бекітілген.

Жоспарға сәйкес, 2024-2027 жылдары орман қоры аумағында 2310 гектар жерге 7 млн түп ағаш отырғызу көзделген.

2025 жылы бұл бағыттағы жоспар то-



Қазіргі таңда «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Қарағанды шаруашылығы» базасында жалпы аумағы 41,27 гектар болатын тұрақты орман тұқымбағы жұмыс істейді. Оның 25,9 гектары – суармалы жер.

Жобалық қуаттылығы жылына 1,3 млн дана стандартты көшет өндіруге есептелген. Оның аумағын кезең-кезеңімен ұлғаяды. 2025-2027 жылдары орманбаққа тағы 40 гектар жер қосылады. 2025 жылы 10 гектар аумақ кеңейтілсе, 2026 жылы тағы 10 гектар қосу көзделген. Ал, 2027 жылы 20 гектар жер қосылады. Осылайша питомниктің жалпы аумағы шамамен 80 гектарға жетеді.

Көшет өндірісі де ауқымды. Биыл орман отырғызудың кешенді жоспарын іске асыру үшін онда 5,5 млн дана көшет өсірілді. 2026 жылға арналған қорда 2,3 млн дана көшет бар. Оның 888 мыңы – үйеңкі, 1 млн 384,3 мыңы – қарағаш.

Ал, 2027 жылға арналған көшет қоры 3,2 млн дана болады деп жоспарланып отыр. Оның ішінде 929,7 мың үйеңкі, 2 млн 57 мың қарағаш, 149 мың қарағай және 50,6 мың қараған көшеті бар.

2027 жылға дейін 7 млн көшет отырғызылады

Орманды қалпына келтіру жұмыстары

лық орындалып, 448,2 гектар аумаққа 2,1 млн дана жапырақты және қылқан жапырақты ағаш отырғызылды.

Биыл жалпы көлемі 602,6 гектар жерге 2 млн 272,4 мың дана көшет отырғызу жоспарланған. Оның ішінде, Ақтоғай орман шаруашылығына – 318 гектарға 1 млн 60 мың, Қу орман шаруашылығына – 95,7 гектарға 512 мың, Қарағанды орман шаруашылығына – 188,9 гектарға 699,98 мың дана көшет тиесілі.

Көктемгі кезеңде орман дақылдарын толықтыруды қоса есептегенде, 559,6 гектар аумаққа 2 млн 120,8 мың дана көшет отырғызылды. Қалған 63 гектар жерге күзде тағы 209,9 мың дана көшет егу жоспарланған.

Келесі жылға да дайындық басталып кеткен. 2027 жылы 649,3 гектар аумаққа орман дақылдарын отырғызу жоспарлануда. Оның 117,3 гектары – Қу орман шаруашылығына, 332 гектары – Ақтоғайға, 200 гектары Қарағанды орман шаруашылығына тиесілі.

Орман қорын көбейтумен қатар, табиғи аумақтарды абаттандыру және жаңа жасыл аймақтар қалыптастыру жұмыстары да қолға алынған.

– Биыл облыс аумағында 208 гектарға жуық жерге көшет отырғызылды. Оның ішінде, 20 гектарға қарағай егілді, сондай-ақ 90 мың түп үйеңкі мен қарағаш



көшеті отырғызылды. Келесі жылға тағы 200 гектар жер дайындалып жатыр. Оның 20 гектарына қылқан жапырақты ағаштар егіледі. Оның 10 гектары Қарағанды қаласының маңында, тағы 10 гектары Шахтинск қаласында орналасады. «Таза Қазақстан» акциясы аясында жаңа Тихоновка орманында экопарк жобасы жүзеге асырылуда. Жұмыстарды қараша айында аяқтау жоспарланған, – дейді Қарағанды орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі шаруашылығы мекемесінің директоры Мақсат Мұқанов.

Тихоновкадағы экопарк жобасы орман өсірумен қатар, тұрғындарға арналған жаңа жасыл кеңістік қалыптастыруға бағытталған.

Автоматтандыру бар, адам еңбегі де қажет

Жаңа кешен заманауи автоматтандыру жүйелерімен жабдықталғанымен, адам еңбегін толық алмастыра алмайды.

Жылыжайда шамамен он жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарланған. Мұнда қызметкерлер тұқымды дайындау және өңдеу, себу, көшеттерді күтіп-баптау, су-



• ШЕРТОЛҒАУ

Сахнадағы сұлу тағдыр

...Қателеспесем, 1978 жыл болуы керек. Сол жылы Баянауыл өңіріне бір айлық гастрольдік сапармен барған едік. Елдімекендерді аралап, театр өнерін ауыл-аймаққа жеткізіп, спектакльдер қойып жүрдік. Кеңес дәуірінің тұсында жазғы демалыс уақытында театрлар мен филармония ұжымдары бірнеше айлап елдімекендерді аралайтын дәстүр бар болатын-ды. Өнер адамдары ауылдарға барып, спектакль қойып, концерт беріп, халықпен етене араласатын. Ол кездің өзіне тән кызғы да, қиындығы да бар еді. Сол жылдардың бірінде С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының бір бригадасын талантты актер Жанас Ысқаков бастап, Павлодар облысының елдімекендерін аралауға шықты. «Кубань» автобусы зырғып келеді. Ұжымда он шақты актер бар. Әркім өз костюмін, өз реквизитін арқаалап, ауылдан ауылға көшіп жүріп, талай сапарларды бастан өткердік. Бүгінде сол күндердің бәрі алыста қалған жастық шақтың аяулы естелігі болып артымызда қалды. Сол сапарлардан есімде ерекше сақталған бір сәт бар. Бүгінгі кейіпкеріміз – Бижамал Далабайқызы да сол бір кездейсоқ кездесудің естелігімен байланысты.

Мен алғаш рет Бижамалды Павлодар облысындағы Қазақ елінің ең көрікті, сұлулығымен тандай қақтыратын Баянауыл баурайында 1975 жылы көрдім. Театрдың жас актерлері Қ.Мұхаметжановтың «Бөлтірік бөрік астам» комедиясымен гастрольге Баянауыл ауданының орталығына барғанбыз. Сұлу табиғатқа ашкөзденіп, Сабынды көлінің жақпар тастарының үстіне шығып отырғанымда, көңілдері шат, үш-төрт қыз бала қуаныштың қызуымен аяқ киімдерін қолдарына ұстаған күйі көлдің мүйісіндегі биіктеу тастың үстіне жүгіріп шығып, екі қолын ұшап құстың қос қанатындай кең жайып бар дауысымен: «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам! Қараңғылықтың көгіне күн болмағанда кім болам?!» – деп С.Торайғыровтың өлеңін асқақ қуаныш үнімен оқи жөнелді. Дауысы саңқ-саңқ етіп, теңіз жағасында қалықтаған шағаладай ап-анық екпінмен естіліп тұр. Төменде отырған бізді көріп қысылып қалған қызға: «Керемет, нағыз әріс болатын бала екенсің», – деп бас бармағын көрсеткен Жанас әріптесімізге: «Бүгін спектакль қоятын әрістерсіздер ме?» – деп қарсы сұрақпен жауап берді. Жанас та өлең оқыған қыз баланың дикиясымен анық жүректен шыққан сөзіне ризалығын білдіріп: «Мен Торайғыров ауылынанмын, Қызылшілік» бөлімшесінен. Қазір Қарағанды театрында қызмет істеймін. Кешке ойынға келіңдер!» – деді. Өлең оқыған қыз бала: «Міндетті түрде барамыз. Бүгін аттестат алып, ауылға қайтпай класс жетекшіміз бастап, кешке спектакльге ба-

рамыз деп шештік. Ағай, қалай әріс болуға болады?» – деді қасындағы қыздардың бірі. «Біздің Бижамал өленді жақсы оқиды, сахнада Мәншүкті ойнады, аумайды солдат киімін кигенде», – деп құрбылары мақтауын асырып жатыр. Жарас та әлгі қыз баланың өнерге құштарлығын сезіп: «Алматыда консерваторияда актерлер факультеті бар. Әуезов театрының жанында актерлер студиясы бар, мен соны оқып тауыстым. Бірақ, биыл қабылдамайды. Екі жылда бір рет қабылдайды. Есесіне биыл Қарағандының Сәкен театры жанында студия бар. Әлі қабылдап жатырмыз. Келіп тұс, оқуың сәтімен аяқталған соң консерваторияға баруға болады», – дегенде өлең оқыған қыз баланың көзі жарқырап, қуаныштан жүзі балбұл жанып кетті. «Рас па аға?! Қарағандыда әріс дайындайтын оқу бар ма? Үйдегілер Қарағандыға жібереді. Жақын ғой», – деп қуанып кетті.

Содан Баянауыл ауданының барлық ауылдарын аралап, Қарағандыға қайтар жолда Сәтбаев ауылына аялдадық. Клубқа кірсек, жастар кезекті репетициясын өткізіп, ән салып жатыр екен. Баянның сүйемелдеуімен өлең айтып тұрған екі қыздың бірі көзіме оттай басылды. Жарас: «Өткендегі Сабындыкөл жағасында өлең оқып әртістік оқуға барам деп ниет еткен қыз ғой, әнді де тамылжытып айтуды екен», – деп ризашылығын білдіріп жатыр. Сахнада тұрып бізді байқап қалған көзкөрген қыз бала жүгіріп келіп жайдары амандасып: «Бізге де ойын қоясыздар ма? Ой, жақсы болды!» – деп клуб менгерушісіне мақтап жатыр. Менгеруші де: «Рабочком бізге жібереді, ағайларды орналастыру керек», – деп айтқаны мұң екен, көзкөрген қыз бала: «Мен үйге апара аламын», – деп бірден кесіп айтты. «Бижамал-ау, он адам көп қой, қыздарды ал, ұлдарды мен алайын» дегенімде, «Жоқ, ағай, мен баяғыдан сіздермен таныспын ғой. Күзде әріс болуға оқуға Қарағандыға барамын. Бәріңізді де өзім қонақ етемін» – деп бәрімізді үйіне алып барды.

Көңіліміз күпті болып үйге кіргенімізде, жадырап құшағын жайып алдымыздан шыққанда, сағынған бауырларын көрген әпкесіміздей күлімдеп қарсы алған анасын көргенде, өз үйімізге келгендей қуанып кеттік. Көпбалалы үйдің іші-сырты жинақы. Тазалығы тіптен ерекше. Ауылға келген аудан, облыс басшылары көбіне осы үйге түседі екен. Аз уақытта дастархан мәзірі дайын болып, тамақтанып алып ауылға шықсақ, айналаға су шашып көлеңкеге отыратын орындық қойып, үстіне көрпеше төсеп дайындап қойған. Кішкентайлары сүлгі ұстап, ұлдары құманмен су құйып, әркім өзіне берілген тапсырманы мүлтіксіз орындап, мәз болып жүр. Біз келгенде жайлаудағы әкесіне хабар беруге кеткен үлкен



ұлы Өсербай (өздері Алеша дейді екен) мал ала келіп, қой сойып мүшелеп жатыр екен. Анасының айтқанын іні-сіңілілеріне жеткізіп, орындалуын қадағалап жүрген Бижамал екен.

Үйдегі сегіз баланың бәрі бір-біріне көмектесіп, бауырмал қалпымен бізді таң қалдырды. Ата-ананың тәрбиесі ұрпақтарына бұлжымайтын заңдай қабылда-нары бізді қайран қалдырды. Содан бері елу жыл өтсе де, Далабай аға мен жеңгейдің балалары күні бүгінге дейін бауырмал тату-тәтті. Ауылдағысы қаладағыларға, қаладағылар ауылға көмектесіп, қол ұшын беріп, бауырмалдық үрдісті жалғастырып келеді. Бәріне ұйтқы болатын Бижамал болатын. Әке-шешелерінің тұңғышы Бижамал болғандықтан, барлық той-томалақтың тұтқасын Бижамал мен Қайрат ұстайтын. Шіркін, қазақы тәрбиенің үрдісін жалғастырып, ұрпағының бойына дарытып, сабақтастырып отырған осындай отбасыларынан қалай айналаймыс?!

Бижамал сол жылы (1975 ж.) Қарағандыға келіп, біздің театр студиясына түсті. Режиссер Жақып Омаровтың, Жәмилә Шашкинанов дәрістерін тындап, спектакльдерде көпшілік сахнасына шығып, алдыңғы толқын апа-ағалардың шеберліктерін көріп, тәжірибе жинақтап өсті. Студияны оқып аяқтаған соң театрда қалып, бірнеше кейіпкерлерді сомдады. Сомдағанда да өте керемет сомдап шықты. Балаларының бәрі жан-жаққа тарап бара жатқанда, қанша қимаса да, бақыт тілеп, жүрегі жылап тұрып гириратты құмыр тілеген ана бейнесін көріп отырып, аруананың балаларына деген ішкі жан дүниесінің кендігін, жүрек жылуының

ерекшелігін көріп, «Ана» деген үш әріпке махаббатың артады.

Бижамал Кесария образын ойнап, әйел бақытына қол жеткізген, ұрпағы үшін бар қиындықты жеңе білген, бірбеткей, қикар күйеуі Агобомен бала-келіндерінің арасын шиеленістірмей, тек татулық сақтау үшін «жамандықтарын жасырып, жақсылықтарын асырып» отырып, отбасының берекесін келтіріп отырған тағдырлы ананың бейнесімен ыстық қошеметке бөленді. Ұлы Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» трагедиясында, А.Чеховтың «Шағаласында», Ә.Несиннің «Өлтіріші мені, көгершінімдегі» бір-біріне мүлдем ұқсамайтын, ұлттық санасы да, заманы да, салт-дәстүрі де бөлек кейіпкерлер галереясын, ішкі жан дүниесінің байлығы мен білімділігінің әрі қажымайтын еңбекқорлығының арқасында актерлік шеберлігінің биіктерін бағындырып, көрермендердің ризашылығын иеленді. Қазақ актрисаларының көбінің арман рөлдерінің бірі – М.Әуезовтің «Қарагөз» трагедиясындағы Мөржан бейнесі. Режиссер Қ.Қасымовтың қойылымындағы Мөржан бейнесі Бижамал Кемалованың сомдауында алдыңғы толқын амалдарынан бөлек, бар жағдайды ішіне түйіп, тек көз жанарымен ықтырып, басынан сөз асырмайтын, бір рулы елді «ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайтын» әмірлі әйелдің толыққанды бейнесі болып шықты. Бижамал бұл бейнені жәй басқан, бірақ нық жүрісі, ұнамай қалған іс-әрекеттерге ызаалы жымыспен қарап, ал, сөз жарысына келгенде әрбір сөзін нығыздап, бет қаратпайтын ызғарлы желдей есіп, қаққан қазықтай жерге қараып жіберетін айбарлы қатыгез бәйбіше образына дейін кө-

терілген айтулы шеберліктің биік шыңына жеткізді.

Ал, комедиялық образдарды сомдауда ерекше жеңіл, тартымды, сөз саптауы зілсіз, бірақ, күлдіріп отырып, «шымшып» алатын, «тотияйын» тілді болатын. Сахнадағы қимыл әрекеті, жеңіл жүріс-тұрысы нағыз қазақ әйеліне тән. Әсіресе, режиссер Д.Еспаев қойған, Қасым Аманжоловтың «Досымның үйленуі» комедиясындағы Биғаным, Б.Ұзақовтың «Қалқаның талқанындағы Советқұл», М.Ахунзадедің «Мастах Шайх дәруішіндегі» Шахрабану ханым образдары өзінің табиғилығымен ерекшеленеді. Бижамал қандай кейіпкерлерді сомдаса да, сахнада табиғатынан байсалды, ұлттық салт-дәстүрді терең игерген, сахна төрінде де сезімге бай, мәдениеті жоғары, ой-өрісі кең және сахнадан ішкі жан дүниесінің тазалығы, рухани байлығы әрдайым сезіліп тұратын актриса еді. Театр сахнасында әрбір спектакльдерде рөлдері бола тұра ең басты жауапкершілік отбасылық жағдайда екенін ол әсте естен шығарған емес. Жолдасы Қайрат Кемаловтың еңбек жолындағы өсуіне жағдай жасап, Отелло, Абай, Бәйдібек, Бақтықұл, Мәди образдарын дайындағанда күндіз-түні театрдан шықпай, әлсін-әлсін ыстық шайын әкеліп, қамқорлық көрсетіп жүргеніне талай куә болғанбыз. Үйдегі балалары Саяты мен Әнелінің тәрбиесі де мойнында. Атам қазақ айтпақшы, «Еркек – асыраушы, әйел – тәрбиелеуші». Ал, Қайрат ұзақ уақытқа киноға түсуге кеткенде, үй шаруасы мен театрдағы жұмыс бөрі де Бижамалдың мойнында да-тұғын. Қала берді колледждегі сабағы тағы бар. Тіршіліктің барлық ауыртпалығына еш мойымай, бәріне үлгеріп, тиянақты атқарып жүрген өте іскер, еңбекқор адам болатын.

Осыдан тура бір жыл бұрын 2025 жылдың 19 шілдесінде аяулы жолдасы Қайрат өмірден оттырған оған да, қараша елге де қатыс соққы болды. Қырық жылдан астам сүйікті жары, отбасының арқасүйер тірегінен айырылған сәтін естігенде: «Мен енді қайтемін?!...» деп жанұшыра есінен танып қалған Бижамал, сол кезден оналмай, сырқатқа шалдығып жатып қалды. Қайратсыз өмірін еш елестете алмай, жылын өткеріп он күн өткенде сүйікті жарының соңынан кете барды. Өнер жолындағы көптеген нәзік жандылар дәл осы тұста сағы сынып, сахнадан алыстап жатады. Тұрмыс құрып, бала тәрбиесіне байланысты талай талантты актрисаның өнерден біржола қол үзгенін көзіміз көрді. Өкінішті, әрине! Ал, Бижамалдың бағы Қайрат болды. Ол оның өнерін де, өмірін де түсінген жан серігі еді.

Бұрынырақ үлкендердің аузынан: «Егіз туған кейбір балалардың бірі ауырса, екіншісі де ауығез бәйбіше образына дейін кө-

кашықта жүрсе де, көңілі құлазып, мазасы кетеді», – дегенді еститінбіз. Мұндайды ел ішінде «кіндігі бір» деп жататын. Медицинада мұның атауы қалай екенін білмейміз. Бірақ, екі адамның бір-біріне деген ыстық махаббаты мен жан байланысының сондай бір тылсым сырын Қайрат пен Бижамалдың тағдырынан көргендеймін. Бәлкім, бұлардың да махаббаты бір кіндікті болған шығар. Апыр-ай...

Быттыр ғана Қайраттан айырылып, оның қазасының қайғысын көтеріп жүрген Бижамалдың араға жыл салып, соңынан аттанып кеткені қалай? Еріксіз Шахбозбек Рахмановтың:

«Жалғыз аққу көрдім айдын бетінде,
Бейнесі оның ұқсап кетті жетімге.
Күз келгенде өзге құстар топтанып,

Үйірімен жылы жаққа кетуге...» деген әні еске түседі.

Дүниеде жалғыз қалмау екен ғой аққулардың арманы. Өмірде де, өнерде де жұп жазбай бірге еңбек еткен қос жүректің бір-бірінен көп ұзамай арамыздан аттанып кеткені қалай?! Жаратқанның жағанына дәрмен бар ма?! Шүкір, сондарында бір ұл, бір қызы қалды. Екеуінің де азамат болып, ел санасатын ер-азамат болып өсуіне әке-шеше бар ғұмырын арнады. Балаларының басын құрап, тос түйістіріп құда-жекжат болуға да үлгерді. Өттен, енді сол ұл мен қыздың балаларын көріп, немере сүйіп, тәтті қылығына мәз болып, қызығына ортақтасу бұйырмалды.

Қайрат пен Бижамалдың ғұмыры – сахнадағы қос өнер иелерінің ғана емес, өмірде де бір-біріне сүйініш болған қос жүректің тағдыры. Олар өнерде де, өмірде де жұптарын жазбай өтті. Енді сол қос аққу мәңгілік сапарға бірге аттанғандай...

Жандары жәннатта, рухтары шадыман болсын. Артында қалған ұл-қызына, туған-туысына Жаратқан сабыр берсін. Ал, ел есінде олардың өнері де, адамдық болмысы да, бір-біріне деген мәлдір махаббаты да мәңгі сақталғай. Сахна төрінде де, өмір айдынында да қатар жүзген қос аққудай өмір сүрген аяулы өнер қайраткерлері еліне өнегелі іздерін қалдырып, театр тарихында қатталып қалды. Өткен өмірлерін саралап қарасаңыз, өнер қамытын мойнына іліп, ауыр жүгін тартып, мерейлі даңқын асырған Қайрат болса, отбасылық ауыртпалықтың мекхнатын тартқан Бижамал екені сөзсіз. Әйел бақытын асқан ақылмен, тәрбиелігімен, кішіпейілдігімен, ең бастысы, шыдамдылық жігерімен көтере білу – асқақ абырой. Халқымыз айтқандай, «Кез келген еректің артында, мықты әйел тұрады».

Кенес ЖҰМАБЕКОВ,
Қазақстанның Халық әртісі,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Егіздері көп ерекше ауыл

Қарағанды облысында егіз көп ауыл бар. Қарқаралы ауданындағы Тәттімбет елдімекені құрылғаннан бері 28 жұп егіз бала дүниеге келген. Мұнда әр жылдарда қос-қостан туған батыр аналар аз емес. Қазір сол жігіттер мен қыздар еліміздің түпкір-түпкірінде әр салада жемісті еңбек етіп келеді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселен, ауыл жұртының көзайымына айналған Альбина, Альмира, Айлина, Ясина есімді өнерлі қыздар алдағы оқу жылы 1-сыныпқа барады. Төртеуінің жұбы жазылмайды. Олар концертке, театрлық көріністерге бірге қатысады. Салтанат Қалымжанова есімді мектеп мұғалімі оларды бір жылдан бері мерекелік іс-шараларға қатыстырады келеді. Ол төртеуінің есімін атауда әлі күнге дейін жаңыланынын айтты.

— Өуелде тізімнен екі жұп егізді көргенде, абдырап қалдым. Олар бір-біріне өте ұқсайды. Бірақ, жаз бойы солармен жұмыс істеп, қазір ол-оңай бет-әлпеттерін ажыратады болдым. Көбі байқап бермейтін әрқайсысының өзіне тән ерекшелік-



тері бар, – деді мұғалім Салтанат Қалымжанова.

Ал, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Бағдат Құлмағамбетова да – егіздердің анасы. «Екеуі сырттай бір-біріне ұқсамайды. Бірақ, білім мен зияткерлік қабілеттері бірдей», – дейді егіз қыздың анасы.

— Егіздерім бір-біріне ұқсамайды. Біреуі ұзын бойлы, екіншісі аласа, біреуі қара торы, екіншісі аққу-ба. Әрқайсысының өз мінезі мен өзіне тән қызығушылықтары бар. Тіпті, мамандықты да әртүрлі тандады. Екеуінің білімге деген құштарлығы, зияткерлігі ұқсас. Екеуінің

қызығатын тақырыптары да бірдей, – деді егіздердің анасы Бағдат Құлмағамбетова.

Бағдат Құлмағамбетова 30 жылдық еңбек жолында бірнеше жұп егізге сабақ беріпті. Бет-әлпеттерін ажырата алмаған сәтте отырған орындарына қарап анықтайды екен.

— Жұмыс істеген жылдарымда егіз оқушыларын көп болды. Оларға сабақ беру маған мүлдем қиын болған жоқ. Өйткені, үйде де егіздер өсіріп отырмын. Олардың мінезі мен ерекшеліктері маған жақсы таныс. Дархан мен Балқан деген егіздерге сабақ бердім. Олардың бет-әлпетін

айыра алмайтын едім. Соншалықты ұқсас еді. Сондықтан, шатастырмас үшін оларды әртүрлі партаға отырғыздым. Балқан – қазір Тәттімбет ауылының әкімі. Ал, егіздің сыңары – осы ауылдың тұрғыны, – деді Бағдат Құлмағамбетова.

Көпбалалы ана Күміс Мұқышева егіздердің өмірге келуі генге байланысты дейді. Бұл әулетте 7 жұп егіз дүниеге келіпті. Текте бар құбылыс 20 жылы сайын қайталанатын екен. Бір қызығы енесінің құрсағына екі рет егіз бітіпті.

— Отбасымызда егіздердің дүниеге келуі – таңсық емес. Менің анам да, күйеуімнің анасы да егіздерді дүниеге әкелген. Күйеуімнің әпкесі мен қарындасы да егіз босанды. Сондықтан, бұны отбасылық ерекшелік деуге болады, – деді Күміс Мұқышева.

Күміс Мұқышеваның да Айым мен Гүлім есімді қыздары бар. Егер біреуінің көңіл күйі түсіп кетсе, екіншісіне де әсер етеді екен. Сыңары ауырып қалса, екіншісі де сырқаттанып қалады дейді.

— Айым мен Гүлім бір-біріне өте ұқсайды. Екеуі де тұрмыста. Бірақ, араларында әлі күнге дейін ерекше, өте берік байланыс сақталған. Тұңғыш қызым дүниеге келгеннен кейін небәрі бес минут өткен соң

сыңары шыр етіп дүние есігін ашты, – деді Күміс Мұқышева.

Күміс апаның жолын келіні Жұлдыз Оспанова да жалғапты. Егіз қыз Айлина мин Ясинаның тек келбеті ғана емес, сөйлеу мәнері де ұқсайды екен. Дегенмен, екеуінің әуестігі әртүрлі.

— Егіздерімнің бір қызық ерекшелігі бар. Біз оларға әрқашан бірдей киім сатып алатынымыз. Бірақ олар өз заттарын ешқашан шатастырмайтын. Әрқайсысы қай көйлек кімдікі екенін жақсы біліп, әпкесі тіңілісінің киімін ешқашан кимейтін. Олардың арасында өте мықты байланыс бар. Біреуі біраз уақытқа кетіп қалса, немесе жанында болмаса, екіншісі бірден сыңарын іздей бастайды, – деді егіздердің анасы Жұлдыз Оспанова.

Зульфия Рахимова – Тәттімбет ауылына келін. Бір қызығы екі жылдан соң, сыңары Альфия да осы ауылға келін болып түсіпті. Себебі, екеуінің жұбы тугалы жазылмаған.

— Мен ауыл жігітіне тұрмысқа шыққанда, сыңарым мені сөкті. Ол кезде ауылда ештеңе жоқ еді деп айтып, өмірімді неге ауылмен байланыстыруды жөн көргенімді түсінбеді. Бірақ, уақыт өтті, ол өзі де сол ауылға тұрмысқа шықты. Қазір қыстауда тұрады. Міне, өмір бәрін



БОЛАШАҚ ҰРПАҚ

өз орнына осылай қойды. Бірімізді-біріміз сағынамыз. Жіні көрісіп тұрамыз, – деді егіз қыздардың анасы Зульфия Рахимова.

Зульфия Рахимованың қазір егіз қыздары бар. Альбина мен Альмираның қалығы да, қызығушылығы да бірдей екен.

Тәттімбет ауылдық округінде тұрғындар саны 500-ге жуықтайды. Бір ауылда егіз туған балалардың көп болуы – сирек кездесетін таңғажайып құбылыс. Генетикалық тұрғыда бірнеше фактор әсер етуі мүмкін. Әзірге оның жұмбағын шешкен жан жоқ. Дегенмен, тұрғындардың бір бөлігі бұл таза табиғаттан деп пайымдаса, енді бірі киелі топырақтан дейді.

Сурет кейіпкерлердің жеке мұрағатынан

• ҚҰҚЫҚ

Жастар радикалдануының алдын алу

Жастардың радикалды және деструктивті идеялардың ықпалына түсуінің алдын алу – қоғам тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды міндеттердің бірі. Жастардың әлеуметтік ортаға бейімделуі, сапалы білім алуы, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруы олардың өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Сондықтан, профилактикалық жұмыс тек ақпараттық түсіндірумен шектелмей, жастардың әлеуметтік және рухани дамуына бағытталуы қажет.

Сапалы білім – радикалданудың алдын алудың негізгі тетіктерінің бірі. Білімді жас ақпаратты саралап, күмәнді дереккөздерді ажыратып, деструктивті идеологияның белгілерін тани алады. Әсіресе, интернет пен әлеуметтік желілер кең тараған қазіргі кезеңде сыни ойлау, медиасауаттылық және діни сауаттылық дағдыларын қалыптастырудың маңызы артып отыр.

Жастарды жұмыспен қамту және олардың кәсіби дамуына жағдай жасау да маңызды рөл атқарады. Тұрақты жұмыс, кәсіби өсу мүмкіндігі және қоғам өміріне белсенді араласу жас адамның өз болашағына деген сенімін нығайтады. Сонымен қатар, спортпен, шығармашылықпен, волонтерлік және қоғамдық қызметпен айналысу жастардың әлеуетін пайдалы арнаға бағыттап, қоғаммен байланысын күшейтеді.

Рухани және адамгершілік құндылықтар жастардың тұлғалық қалыптасуының маңызды негізі болып табылады. Оңтасына құрмет, жауапкершілік, өзара сыйластық, толеранттылық, бірлік пен отансүйгіштік сияқты құндылықтарды дәріптеу жастардың саналы азаматтық ұстанымын қалыптастырады. Білім беру, жұмыспен қамту және рухани тәрбие бағыттарын өзара сабақтастыра отырып жүргізу – жастарды радикалды идеологияның ықпалынан қорғаудың тиімді жолдарының бірі.

Дмитрий ПОЛТАРЕНКО, Қарағанды облысы бойынша «Терроризмге қарсы комитет» РҚБ филиалының басшысы, Қарағанды облысы ЖДБ басшылары клубының модераторы

№199

• МҮШӘЙРА

«Ардагерлер поэзиясы» шақырады!

Қарағанды қаласы ардагерлер кеңесі 2026 жылдың қыркүйек айының соңына қарай, «Халықаралық қарттар күні» аясында, Қарағанды қаласына және қаланың дамуы мен қалыптасуына еңбегі сіңген азаматтарына арналған «Ардагерлер поэзиясы» байқауын өткізеді.

Жазбаша жыр мүшәйрасына Қарағанды қаласында тұратын барлық ұлт өкілдерінің ардагерлері мен зейнеткерлері ғана қатыса алады. Мүшәйраға 2 (екі) тақырыпта екі өлең қабылданады.

2026 жылдың 1 қыркүйегінен 20 қыркүйегінен кешіктірілмей үлгідегідей өтінім мен байқау материалдары gorsovetveteranov2026@mail.ru электрондық поштасы арқылы

немесе қағаз түрінде, компьютерде теріліп, Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі, 34, 202 кенсе мекенжайына тапсырылады.

Байқау нәтижелері бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер қазылар алқасының шешімімен анықталады.

Байқау нәтижелері бойынша келесі жүлделі орындар белгіленді:

- 1 орын – 1 жеңімпаз – 30000 теңге;
- 2 орын – 1 екінші орын – 20000 теңге;
- 3 орын – 1 екінші орын – 10000 теңге;
- Екі ынталандыру сыйлығы әрқайсысына 5000 теңгеден 10000 теңге.

Қазылар алқасы шешімі бойынша орындар бойынша арнайы дипломдар табысталады.

Өтінім үлгісі:

Толық тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Фамилия, имя, отчество (при наличии) полностью	
Лақап ат (бар болса)/Псевдоним (если имеется)	
Туған күні (күн, ай, жыл)	
Дата рождения (число, месяц, год)	
Үй мекенжайы /Домашний адрес	
Байланыс телефоны – ұялы және/немесе үй	
Контактный телефон – мобильный и/или домашний	
Электрондық пошта (бар болса)/Электронная почта (если имеется)	
Қысқаша шығармашылық өмірбаян (өзіңіз туралы қысқаша ақпарат, байқаулардағы тәжірибеңіз және жарияланған жұмыстарыңыз)	
Краткая творческая биография (краткие сведения о себе, опыте участия в конкурсах и опубликованных произведениях)	
Шығармалар саны (мысалы, 2 өлең)/Количество произведений (н-р: 2 стихотворения)	
1-ші жұмыстың тақырыбы:	
1-ші жұмыстың мәтіні (немесе өлеңдердің қоса берілгенін көрсетіңіз)	
Название работы 1:	
Текст работы 1 (или укажите, что стихотворения прикреплены во вложенном файле)	
2-ші жұмыстың тақырыбы:	
2-ші жұмыстың мәтіні/Название работы 2:	
Текст работы 2	

ЭТРМ РММ «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» ҚР Экологиялық кодексінің 58 бабының 2 тармағына сәйкес жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды:

Қарқаралы әкімшілік ауданында орналасқан «Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ орман орналастыру жобасы бойынша;

Осакаров және Нұра әкімшілік аудандарында орналасқан «Бүйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ Белодымов филиалының орман орналастыру жобасы бойынша;

Қарқаралы әкімшілік ауданында орналасқан Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» КММ орман орналастыру жобасы бойынша;

Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск қалаларының жерлерінде және Осакаров, Бұқар жырау, Шет, Абай, Қарқаралы әкімшілік аудандарында орналасқан Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі Қарағанды шаруашылығы» КММ орман орналастыру жобасы бойынша;

Күмбездерде дәуірдің күмбірі бар

Сарыарқаның сайын даласы – ұшы-қиырсыз созылып жатқан өңір ғана емес, әрбір тасы мен төбесінен бабалар рухы мен батырлар айбыны сезілетін тірі шежіре. Мұнда соңғы қола дәуірінің монументалды ескерткіштері, ел тәуелсіздігі мен жер тұтастығы үшін күрескен батырлардың кесенелері, ұлттың рухани темірқазығына айналған жыраулар мен күйшілердің мәңгілік мекендері, табиғат пен халықтың тарихи дүниетанымы тоғысқан қасиетті орындар бар. Қарағанды өңірінің әрбір киелі нысаны – терең тарих пен өнегелі аңызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін рухани мұра. Осы қазынаны танып-білудің бір жолы – зиярат туризмі.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысындағы мұндай орындардың бірі – Қарқаралы ауданындағы Матак ауылының маңында, «Қарағанды-Қарағайлы» теміржолының бойында орналасқан Матак батыр кесенесі. Матак батыр XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар соғыстарында ел тәуелсіздігі үшін күрескен, Қарқаралы өңірінің тарихында өзіндік орны бар батыр ретінде белгілі. Халық арасындағы деректерге сәйкес, Матак 17 жасында Бөгенбай батырдың бастауымен Есіл-Нұра бағытындағы шайқастардың біріне қатысып, алғаш рет ерлігімен көзге түскен. Бүгінде кесенеге арнайы келіп, батырға тағзым ететіндер аз емес. Келушілер батырдың тарихымен танысып, Құран бағыштап, дұға жасайды. Кесене Қазақстанның киелі нысандар қартасына енгізілген.

Ежелгі тарихтан XIX ғасырға ойбассақ, Қарқаралы өңірінен қазақтың дәстүрлі музыка өнерінің көрнекті өкілі Тәттімбет Қазанғапұлының кесенесін кездестіреміз. Арқалық ауылының солтүстік-шығысында орналасқан кесене ұлы күйші-композитордың қабірі үстіне тұрғызылған. Тәттімбет (1815–1862) – қазақтың шертпе күй мектебін биік деңгейге көтерген тұлға. Тәттімбет Қазанғапұлы кесенесі «Қазақстанның киелі орындарының географиясы» жобасы аясында киелі нысандар қатарына енгізілген. Бүгінде бұл жер Тәттімбеттің шығармашылығын құрметтейтіндер мен қазақтың дәстүрлі музыка өнеріне

қызығушылық танытатындар үшін рухани әрі мәдени зиярат орнына айналған.

Қарқаралыдағы Кұнанбай қажы мешіті де – өңірдің тарихи-рухани мұрасының маңызды бөлігі. Бүгінде Кұнанбай қажы мешіті – Қарқаралының ғана емес, Орталық Қазақстанның XIX ғасырдан сақталған маңызды діни-архитектуралық ескерткіштерінің бірі. Кұнанбай қажы мешіті – Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар киелі нысандарының бірі. Ол «Қазақстанның киелі орындарының географиясы» жобасы аясында да қасиетті орын ретінде танылған.

Қазақтың рухани тарихында жыраулардың орны ерекше. Осы тұрғыдан алғанда, Бұқар жырау Қалқаманұлының кесенесі де айрықша мәнге ие. Биіктігі шамамен 12 метр болатын кесененің ұштағанды негізі қазақтың үш жүзі мен ел бірлігін бейнелейді. Бұл орын бүгінде жырау мұрасына және ұлттық руханиятқа тағзым ететін мекендердің бірі.

Бұқар жырау кесенесі де Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар киелі нысандарының тізімінде. Бұл – Қарағанды облысындағы ұлттық деңгейде танылған тарихи-рухани орындардың бірі. Бүгінде кесене қазақтың жыраулық дәстүріне, ұлттық ой-санасына және тарихи тұлғаға тағзым ететін рухани-мәдени зиярат орны болып саналады.

– Кесенені 15 жылдан астам уақыт бойы күтіп-баптап келемін. Мұнда келушілер өте көп. Адамдар күй сойып, кесене басында түнеп, Құран оқытады. Біздің міндетіміз

– келген жұртты күтіп алып, кесененің тарихын таныстыру, жөн сілтеп, қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету. Кесене аумағында мұражай да бар. Қазір меңімен бірге үш жігіт жұмыс істейді. Күнделікті күтім, тазалық және келушілерге қызмет көрсету жұмыстарын бірге атқарамыз. Дегенмен, қыс мезгілінде қиындықтар бар. Қар қалың түсіп, кесенеге жетудің өзі қиындайды. Соған қарамастан, келушілердің қарасы үзілмейді, – дейді кесене шырақшысы Әлихан Увалиев.

Қарағанды жеріндегі зиярат орындарының тағы бір бөлігі – ел қорғаған батырлардың есімімен байланысты. Қарқаралы ауданындағы Темірші ауылының шығысында орналасқан Шанышқылы Бердіқожа батыр кесенесі XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар соғыстарымен байланысты тарихи орын саналады. Бердіқожа батыр туралы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерінде деректер кездеседі. Халық арасында бұл орын «Бердіқожа тамы» атауымен белгілі.

Шет ауданындағы Жыланды ауылы маңында орналасқан Байғозы Наймантайұлының кесенесі де батырлар тарихымен сабақтас. XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар соғыстарында ерлігімен танылған Байғозы батыр Сарыарқа өңірін қорғаған тарихи тұлғалардың қатарында аталады. Кесене орналасқан жер халық арасында «Батыр басы» деп аталады. Бүгінде бұл орын батыр рухына тағзым етіп, оның ерлігін еске алатын тарихи-мәдени мекен ретінде белгілі.

Ал, Жидебай батыр кесенесі Шет ауданында, Ақсу-Аюлы



ауылының солтүстігінде, Шерубай-Нұра өзенінің маңында орналасқан. Жидебай Қожаназарұлы жоңғар шапқыншылығы кезінде ел мен жерді қорғаған батырлардың бірі болған. Оның есімі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Абылай хан дәуіріндегі батырлар туралы жазбаларында да кездеседі.

Қазір кесене тарихи тұлғаның рухына тағзым етіп, батырдың ерлігін ұлықтайтын зиярат орындарының бірі саналады. Нысан «Қазақстанның киелі орындарының географиясы» тізіліміне енгізілген.

Шет ауданындағы Талды өзенінің жағасында орналасқан Сеңкібай батыр мазары да тарихи жадымызда айрықша орын алады. Сеңкібай Оразғұлұлы – қазақ-жоңғар соғыстары кезінде ел қорғаған, Алакөл, Бұланты және Анырақай шайқастарына қатысқан батыр. Ол Қанжығалы Бөгенбай батырдың жасағында болған. Кейін ел арасындағы дауларды шешіп, би ретінде де танылып, халық арасында «Би ата» атанған. Кеңестік кезеңде де халық оның мазарына жасырын келіп, дұға жасап отырған. Бүгінде бұл тарихи-рухани нысан «Қазақстанның киелі орындарының географиясы» тізілімінде.

Ал, Баян батырдың жерленген жері арнайы сәулеттік кесенесімен емес, тарихи тұлғаның мәңгілік мекені ретінде құнды. Баян батырдың есімі жоңғар шапқыншылығы кезеңінде ел қорғаған батырлар тарихымен байланысты.

Баян батырдың жерленген орны халық жадында сақталған тарихи орындардың бірі болғанымен, оның Қазақстанның жалпыұлттық киелі нысандарының ресми тізіміне енгені туралы нақты дерек жоқ. Сондықтан нысан туралы мәліметті халық арасындағы аңыздар мен ғылыми деректерді біле отырып ұсынған дұрыс.

Осылайша, Қарағанды өңіріндегі киелі орындар – бір ғана тарихи кезенді емес, бірнеше дәуірді қамтитын рухани карта. Топырағы тарихқа, әр тасы аңызға толы мұндай мекендерді аралау бабалар рухына тағзым етіп, өткенді танып, өз тамырыңды сезіну. Сарыарқаның сайын даласында бабалар ізі қалған мұндай мекендер барда тарихи жадымыз да, ұлттық рухымыз да жасай бермек. Өйткені, тарихын таныған халықтың тамыры терең, ал, тамыры терең елдің рухы биік.

Cypem Visit Karaganda сайтынан

№197

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Capital Sroy V» ЖШС (БСН 191040011321) Қарқаралы ауд., Н.Нұрмаков а.о. қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарының құрамындағы экологиялық рұқсат алу үшін әзірленген жобалық материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Тыңдау **2026 жылғы 9 қазанда сағат 10:00-де** Қарқаралы ауданы, Ақтасты ауылында, Мәдениет үйінің ғимаратында өтеді. Онлайн қатысу үшін: сәйкестендіргіш 817 782 8008, кіру коды 12345

ЖАО: «Қарағанды облысының ТР және ТПРБ» ММ; expertiza.upr_krg@mail.ru. Жоба бойынша құжаттама ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/> порталында және ЖАО-ның сайтында жарияланған. Барлық ескертулер мен ұсыныстар ҰДБ порталында немесе expertiza.upr_krg@mail.ru е-mail арқылы қабылданады. Қосымша ақпарат: 87058743858, ip.pshenchinova@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Capital Sroy V» (БИН 191040011321) уведомляет о проведении общественных слушаний, которые пройдут в Каркаралинском р-не, Н.Нурмаков с.о. по проектным материалам для получения экологического разрешения в составе Плана разведки твердых полезных ископаемых по лицензии №4132-EL от 21.02.2026г. Слушания состоятся **9 октября 2026г. в 10:00** по адресу: Каркаралинский р-он, с.Актасты, здание ДК. Для онлайн-участия: идентификатор 817 782 8008, код 12345

МИО: ГУ «УПРиРП Карагандинской области»; expertiza.upr_krg@mail.ru. Документация по проекту размещена на портале НБД <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО. Замечания и предложения принимаются портале НБД либо на e-mail expertiza.upr_krg@mail.ru. Дополнительная информация: 87058743858, ip.pshenchinova@mail.ru

№200

мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі) ақпараттық жүйесінде <https://ndbecology.gov.kz, сондай-ақ https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/about> сайтында танысуға болады.

Жария талқылауға жататын жобалар орналастырылған күннен бастап, ескертулер мен ұсыныстарды ұсыну үшін 18 күрделіктен бастап 20 жұмыс күні бойы ҚО мен ТРЖҰҰД ақпараттық жүйесінде қолжетімді болады.

Белсенді сілтеме ҚО мен ТРЖҰҰД (Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі) ақпараттық жүйесінде <https://ndbecology.gov.kz, сондай-ақ https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/about> сайтында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты Алматы қ., Баишев көш. 23 мекенжайы бойынша және 397-43-35, 397-41-31 телефондары арқылы алуға болады.

Көзделген қызметтің бастамашысы:

ЭТРМ РММ «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» 010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы 8, Министріліктер үйі, 15 кіреберіс +7 (7172) 74-06-83. Жобаны құрастырушы: «Қазақ орман орналастыру кәсіпорны» РМҚК Алматы қ., Баишев көш. 23, телефондар: 397-43-35, 397-41-31

Кеншілерге арналған керемет кеш

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қобызшы Олжас Құрманбек, домбырашылар Темірлан Олжабай мен Ериат Наурыз ұлттық аспаптардың үнін әлемдік музыка өрнегімен шебер сабақтастырды.

– Көп рақмет, құрметті ағайын! Осындай керемет кеште сіздермен бірге болу – мен үшін зор бақыт. Қайласы қайыспас кеншілеріміздің еңбегіне тағзым етіп, баршаңызды кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Қарағанды, рақмет! Алда бізді жаңа әлемдік тур күтіп тұр. Қазан айында қайта кездескенше! – деді Димаш Кудайбергел.


Халық та сағындырған саңлағын айрықша ықыласпен қарсы алды. Димаштың әр әнін қосыла шырқаған қалың көрермен алаңды толассыз қошеметке бөледі. Әсіресе, ұлттық бояуы қанық туындылар әуелегенде, сан мың адамның дауысы бір арнаға тоғысып, Жаңа алаң алып хорға айналғандай әсер қалдырды. Көрерменнің бірі әнді ұялы телефонына түсіріп жатса, енді бірі көк туды желбіретіп, өнерпазға деген құрметін білдірді. Қала тұрғыны Сандұғаш Қарабалина да көпшілікпен бірге әншінің сахнаға шығуын тағатсыздана күткенін айтады.

– Димаш келеді дегенді естігенде төбеміз көкке бір елі жетпей қалды. Оның бір күн бұрын арнайы келіп, дайындық жүргізгеніне де риза болдық. Сахнаға шыққанша асыға күттік. Димашты қазақ жұрты ғана емес, күллі әлем сүйсіне тыңдайды. Көмескі тарта бастаған көне әндерімізді жаңаша қалыпта әуелетіп, қайта жаңғыртып жүргеніне бек қуанамыз. Бүгін халықтың оны қаншалық сағынғаны анық байқалды. Тек адам қарасы өте қалың болды. Димаш сахнаға кештеу шыққандықтан, егде жастағы көрермендердің кейбірі көп аялдай алмай, ертерек қайтуға мәжбүр болды, – деді ол.

Кештің тебіренерлік сәттерінің бірі – жергілікті жас дизайнер Ақботаның Димашқа өзі тіккен шапанды тарту етуі. Ұлттық өрнекпен әдіптелген шапанды әнші сол жерде нығына жауып, дизайнерге ықыласын білдірді. Қазақы құрметтің белгісіндей болған бұл көріністі көпшілік зор қошеметпен қабылдады. Концерттің соңғы шығармасын Димаш сахнада емес, көрермендердің арасында тұрып орындады. Жұртқа жақындай түсіп ән шырқаған сол бір сәт әнші мен тыңдарман арасындағы шынайы ықыластың айқын көрінісіне ұласты.

Өнермен өрілген жылылық

Димаштың Қарағандыға сапары алып сахнадағы концертпен ғана шектелген жоқ. Өнер



несі арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларға арналған «Өсем» қолдау орталығына барып, тәрбиеленушілермен жүздесті.

Еркін форматта өткен кездесуде әнші балалармен бірге шай ішіп, олардың сауалдарына жауап берді. Әр баланы мұқият тыңдап, өнер, арман, еңбек пен табандылық туралы ойларымн бөлісті. Әлемнің әйгілі сахналарында өнер көрсетіп жүрген отандасымен еркін әңгімелесу балаларға айрықша көңіл күй мен қанат бітіргені анық. Кездесу облыс әкімдігі мен білім басқармасының қолдауымен ұйымдастырылғанын да айта кету керек.

Әлеуметтік желіде Димаштың халықаралық «АТОМ» жобасының Құрметті елшісі, суретші Кәріпбек Күйіковпен концертке дейінгі кездескен сәті де көпшілік ықыласына бөленді. Кәріпбек Күйіков әншіге өз туындысын тарту етті. Ядролық сынақ зардабын өз тағдырымен таныған суретші мен бейбітшілік үшін өнерімен әлемге жеткізіп жүрген әншінің жүздеуі рухани сыйластықтың жарқын белгісіндей ме дерсің.

Алып сахнаның ар жағында

Жүздеген мың адам тамашалаған концерттің сыртқы салтанаты ғана емес, техникалық дайындығы да тастүйін. Сахнаның

ұзындығы – 22, биіктігі 18 метр. Көрермен концертті алаңның әр тұсынан анық көруі үшін бірнеше алып экран орнатылды. Техникалық жабдықтаушы Maxi Style ұйымының басшысы Андрей Лазарчуктың айтуынша, сахнадағы экрандардың жалпы көлемі 330 шаршы метр болған.

– Сахнада екі үлкен трансляциялық экран, сондай-ақ, басқару пультінің маңында тағы бір экран орнатылды. Бұдан бөлек, графика мен түрлі эффекттерді көрсетуге арналған 160 шаршы метрлік экран пайдаланылды. Барлығы – ашық аспан астында, әртүрлі ауа райында жұмыс істеуге бейімделген жоғары сапалы «Absen Outdoor» экрандары. Сахнаның басқару орталығында арнайы пульттер мен бейнесерверлер орналастырылды, – деді Андрей Лазарчук.

Алып сахнаның үні мен жарығын, экрандағы бейнені, әр өнерпаздың бағдарламасын бір арнаға түсіру – көзге көріне бермейтін қыруар жұмыс. Концерттің әр сәтінің кідіріссіз өтуіне сахна сыртындағы жүздеген техникалық маман үлес қосты.

Мерекке дайындық екі айға созылған. Қаланың түрлі волонтерлік ұйымдарынан 200 ерікті жұмылдырылды. Олар көрермендерге бағыт-бағдар көрсетіп, балалар мен қарттарға көмектесіп, арнайы қызметтердің жұмысын үйлестіруге атсалысты.

Жаңа алаң бұл күні концерт өтетін орын ғана емес, тұтас бір қаланың тынысын танытқан кешенді кеңістікке айналды. Кейбір туристік ұйымдар Қарағандыға арнайы екі күндік сапар әзірлеп, алғашқы күні Қарлағ секілді тарихи-мәдени орындарды аралауды, екінші күні Кеншілер күніне арналған концертті тамашалауды ұсынған. Соңғы бірнеше күн ішінде өңірге ТМД мемлекеттерімен қатар, Ұлыбритания, Италия, Испания және Моңғолиядан да меймандар келген.

Қауіпсіздік – басты орында

Ширек миллионға жуық адамды бір алаңға жинау – қуанышпен бірге үлкен жауапкершілік екені кәдік. Қоғамдық тәртіпті сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу үшін облыстық полиция департаментінің қызметкерлері, Ұлттық ұлан сарбаздары, құтқарушылар мен медицина мамандары күшейтілген режимде қызмет атқарды.

Ұлттық ұланның «Орталық» өңірлік қолбасшылығына қарасты әскери бөлімдердің өзінен 800-ден астам әскери қызметші жұмылдырылды. Алаң төрт секторға бөлініп, олардың арасына жедел қызмет көліктерінің кедергісіз өтуіне арналған жеке дәліздер қалдырылды. Жедел штаб жұмыс істеп, аумақтағы жағдай төрт дрон арқылы әуеден үздіксіз бақыланды.

Дрондардың көмегімен жақын маңдағы тұрғын үйлердің шатырына көтерілген төрт адам анықталып, қауіпсіз жерге түсірілді. Көпшілік арасында ата-анасынан көз жазып қалған балаларды қабылдайтын арнайы орындар да жұмыс істеді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ауқымды шараның артында көптеген мекеме мамандарының бірлескен еңбегі тұрғанын атап өтті.

– Мұндай ауқымды мерекені ұйымдастыруға облыстың барлық қызметі бір кісідей атсалысты. Екі ай бойы тыңғылықты дайындалдық. Осы орайда «Qarmet» компаниясының қосқан үлесі ерекше екені даусыз. Іс-шара барысында ата-анасынан көз жазып қалған 185 бала қызметкерлердің жедел әрекетімен табылып, жақындарымен қауышты. 170 адамға дәрігерлер жедел көмек көрсетті. Тұрғындарды тасымалдау үшін 253 автобус ұйымдастырылды. Барлық кенші қауымын кәсіби мерекесімен тағы бір мәрте құттықтаймын, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы әлеуметтік желідегі өз парақшасында.

Алаңдағы көрерменнен бөлек, маңайдағы көпқабатты үйлердің балкондары мен терезелерінен концерт тамашалаған тұрғындар да аз болған жоқ. Кейбірі әртістерді анық көрмесе де, әнді алыстан тыңдап, түнгі аспанды тілгілеген жарыққа көз тікті. Жұрт қарасының қалыңдығы соншалық, концерт аяқталғаннан кейін Жаңа алаңға жалғасатын көшелерде көлік легі ұзақ уақытқа дейін толастаған жоқ. Қаланың әр бөлігіне, Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай және өзге де елдімекендерге көрермен тасымалдаған автобустар түн ортасына дейін қатынады.

Қайла ұстаған ерге – құрмет

Әрине, кештің сәнін әлемдік деңгейдегі сахна, алып экрандар мен әйгілі әншілер келтірді. Алайда, ұлан-асыр думанның шын иесі – жер қойнауына түсіп, қара алтын өндірген кенші қауымы.

Бұл ән бұрынғы әннен расымен өзгереді болды. Жаңа аудан, жаңа алаң, жаңа сахна – бәрі Қарағандының ауқымды мәдени оқиғаларды қиналмай өткізе алатын шаһарға айналып келе жатқанын аңғартты. Ширек миллионға жуық адамның басын қосқан кеншілер астанасының даңқын бір аспандатып, қазыналы өлкенің мерейін тағы бір мәрте тасытты.


Ал, түнгі аспанды дүбірлеткен отпашудың әрбір жарқылы жер астында ел байлығын еселеп жүрген қайласы қайыспас қара нарларға жолданған алғыс секілді еді.

Суреттер ұйымдастырушылардан

• СҮЙІНШІ!

Талапты ерге нұр жауды

Сербияның Копаноник қаласында өткен географиядан халықаралық жасөспірімдер олимпиадасында (IJGO) ел атынан тоғыз оқушы қорғаған. Солардың қатарында қарағандылық Сырым Амантай да өнер көрсетіп, олимпиаданың күміс жүлдегері атанды.



Сырым Амантай – Н.Нұрмақов атындағы мектеп-лицей-интернаттың 10-сынып оқушысы. Оның географияға деген қызығушылығы 7-сыныпта оқып жүрген кезінен басталған. Содан бері жас дарын білім додаларынан қалыс қалмай, түрлі олимпиадаларда бақ сынап, үздіктер қатарынан көрініп келеді. Жерлесіміз бұған дейін Еуропалық география олимпиадасында (EGEO-2026) ел намысын қорғап, алтын медаль иеленген. Одан бөлек, биыл екі мәрте республикалық турнирді де жеңіп алған.

– Былтыр географиядан өткен халықаралық жасөспірімдер олимпиадасында Сырым қола медаль иеленген еді. Биыл өткен жылғы нәтижесін жақсартып, күміс жүлдеге қол жеткізді. Олимпиаданың ең күрделі кезеңі Сербияның таулы аймағында ұйымдастырылған практикалық тур болды. Қатысушылар осы кезеңде жер бедерін бағдарлау, табиғи нысандарды саралау секілді практикалық дағдыларын да сынады. Ал, мультимедиялық және жазбаша кезеңдерді Сырым жоғары нәтижемен аяқтап, жүлделі орынға лайықты өнер көрсетті, – деді педагог Рахым Серік.

Қарағандылық жас дарын мұнымен тоқтап қалған жоқ. Алдағы оқу жылында Латвияда өтетін жоғары сынып оқушылары арасындағы Халықаралық география олимпиадасына (iGeo-ға) дайындықты бастамақ. Білім бәйгелерінде тәжірибе жинап, халықаралық додаларда шыңдалған Сырым енді кезекті сынақта да ел намысын абыроймен қорғап, жеңіс тұғырынан көрінуді мақсат етіп отыр.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ХОККЕЙ

«Qarmet» – жартылай финалда

Теміртаулық «Qarmet» хоккей клубы Қазақстан кубогының жартылай финалына жолдама алды. Жерлестер топтық кезеңде «Астананы» – 8:2, ал, «Ақтөбені» – 12:2 есебімен жеңіп, «В» тобында көш бастап шықты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан кубогындағы екінші матчта жерлестер қарсыласы «Астананы» сенімді түрде тізе бүктірді. Кездесуде «Qarmet» шабуылшысы Никита Рублев қарсылас қақпасына осы жолы да бес шайба соғып, бір нәтижелі бас берді. Осылайша, ол команданың кезекті жеңісіне айрықша үлес қосты. Ал, «Qarmet» сапында де-

бютін өткізген Раты Дурглишвили көзге түсіп, команданың жеңісіне үлес қосты.

Топтық кезеңдегі үшінші кездесуде жерлестер «Ақтөбеге» де ес жиюға мүмкіндік бермеді. Мүз айдынында шабуыл шебінде белсенділік танытқан «Qarmet» ойыншылары қарсылас қақпасын қайта-қайта нысанаға алды. Команда капитаны Никита Рублев, шабуылшылар Адам Стариненко, Никита Маринин және Әбілхайыр



Саруарбек қарсылас қақпасына қос-қостан шайба салып, команда жеңісіне елеулі үлес қосты. Осылайша, «Qarmet» топтық кезеңді сенімді өткізіп, Қазақстан кубогының шешуші кезеңіне көтерілді.

Енді жерлестер Қазақстан кубогының жартылай финалында «Алматы» клубымен кездеседі. Екі команда бұған дейін де талай мәрте күш сынасқан. Былтырдан бері алмағылықтармен 12 рет кездескен. «Qarmet» оның 10-ында жеңіске жетіпті. Сондықтан, бұл жолы да жерлестердің жеңіс үшін барын салары анық.

«Алматы» клубы ел кубогының топтық кезеңінде «Түран

Tigers» пен «Qulager» командасынан айласын асырған. Алайда, соңғы кездесуінде өскемендік «Torpedo» командасына 2:6 есебімен есе жіберді. Соған қарамастан, жинаған ұпайы жеткілікті болып, жартылай финалға өтті.

Енді жанкүйерлер асыға күткен «Qarmet» пен «Алматы» арасындағы жартылай финалдық кездесу 2 қыркүйекте өтеді. Жерлестердің топтық кезеңдегі қарқынды ескерсек, финалға жолдама алуға мүмкіндігі мол.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

 Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;		● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген				«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК КСJBKZKX БИН 000840001412			
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС						Таралымы 3 250					
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА		Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ		Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ый.				№95 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.	
Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА						Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жамал СОВЕТҚЫЗЫ		Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.			